



ӘКІМШІЛІК СӨТТАРҒА – 1 ЖЫЛ

РЕФОРМА БІР КҮНДІК ЖҰМЫС ЕМЕС



Еліміздің құқық қорғау алаңына әкімшілік әділеттің енгізілгеніне бір жыл толды. Әкімшілік әділет институты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес енгізілді.

Әкімшілік әділет – бұл мемлекеттік әкімшілік органдардың қызметіне сот бақылауын білдіреді. Жалпы, көз келген мемлекетте экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын көтеру, инвесторларды тарту үшін мемлекеттік аппараттың қызметі дұрыс жолға қойылуы керек. Бұл аппарат кәсіпкерлердің кәсібіне кедергі болмауы, адамдардың құқығын бұзбауы керек.

(Соңы 2-бетте)

МІНБЕР

ЗАҢДАР НЕГЕ ЖИІ ӨЗГЕРЕДІ?

Заң шығару үрдісінде жүйелі кемшіліктер орын алып келеді. Соның бірі Үкімет тарапынан дұрыс жоспарламау, заң жобаларының дұрыс пысықталмауы және дайын болмауы. Атқарушы биліктің көбінесе мерзімі жақындаған кезде белсенділігі арта бастайды. Мұны, әдетте, жылдың немесе сессияның соңында байқауға болады. Парламент қабырғасында заң жобаларының көптеген нормаларын қайта өңдеп шығу, жекелеген нормалар бойынша Үкімет мүшелерінің нақты ұстанымының болмауы үрдісі қалыптасып отыр. Бұл жөнінде Парламенттің VII шақырылымдағы екінші сессиясының жұмысы қорытындыланған бірлескен отырыста айтылды.

Алқалы бас косуда қалыптасқан дәстүр бойынша Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов баяндама жасаған болатын. Аталмыш жағдайға айрықша тоқталған Ерлан Жақанұлы сөзін нақты мысалдармен дәйектеген еді. Оның айтуынша, үкіметтің заң шығару ісіндегі тұрақты шешімінің болмауы салдарынан Денсаулық туралы кодекстің бір нормасы тек бірінші жартыжылдық ішінде қарама-қарсы позицияда екі рет түбегейлі өзгеріпті. Нақтырақ айтқанда қантар айында елімізде тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шекті бағасыз сатып алуға және бірлесіп төлеуге жол бермейтін өлшем талап қабылданып, маусым

айында оның күші жойылған. Екі жағдайда да өзгерістің қажеттілігі халықтың дәрі-дәрмексіз қалуы мүмкін деген уәжбен түсіндірілді. Ең өкініштісі, мұндай фактілер бірлі-жарым емес. Қаралып жатқан заң жобаларына өзгерістер толассыз енгізіледі, олардың ішінде жобаның тұжырымдамасына сай келмейтін түзетулер де бар. Соның салдарынан заң жобасының бастапқы концепциясы айтарлықтай өзгереді.

Министрлер депутаттар арқылы өздерінің «жанып тұрған» мәселелерін шешіп қалғысы келетін жағдайлар да бар. Бұл заң жобаларының Мәжілісте де, Сенатта да қаралу сатысында жиі кездеседі.

Осының салдарынан Мәжіліс мақұлдаған заң жобасын Сенат түзетулермен қайтаруға мәжбүр болады. Көп жағдайда бұл жана түзетулер – Мәжілісте ұсынылмаған және талқыландырмаған нормалар болып келеді. Заң жобаларын сапасыз дайындау және сараптамаларды уақытылы жүргізбеу Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді іске асыруға кедергі келтіруі мүмкін. Депутаттардың түзетулеріне қорытындылардың уақытылы берілмеуі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Мысалы, бала құқықтарын қорғау жөніндегі заң жобасы бойынша Үкіметтің жауабы 5 айдан кейін келді. Соның салдарынан, бұл заң Мәжіліске енгізілгеннен кейін екі жыл өткен соң ғана қабылданды.

Заң жобаларын Парламенттің қос палатасында таныстыру кезінде жекелеген министрліктер мен ведомство баяндамашыларының дайындығы жеткіліксіз болатын жағдайлар да кездеседі. Депутаттық корпусстың сауалдарына берілетін жауаптар сапасына да көңіл толмай жатады. Үкімет мүшелері сауалдарда ең алдымен, сайлаушылардың тілектері мен аманаттарын көтеріп келгендерін түсінбейтіндей.

(Соңы 3-бетте)

Құрбан айт құтты болсын!



9 шілде Құрбан айт мерекесі басталады. Бұл туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімдеді. «Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық бергей. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген жерлестеріміздің қажылығы қабыл болғай» – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Һижри жыл санауы бойынша 1443 жылдың зұлхижжа айының басталуы 30 маусым болып бекітілді. Ал арапа күні 8 шілдеге сәйкес келеді. 9 шілде – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні.

Бас мұфтидің айтуынша, зұлхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ықыласпен ғибадат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысу керек. Өйткені, хадистерде сол уақытта орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылтыны айтылған.

Ал арапа күні, яғни биыл 8 шілдеде ораза тұту – сүннет. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі жылдың күнәсін кешіруді үміт етемін» деген.

Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Жәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған. Алла Тағала құрбандықтарыңызды қабыл етсін!» – деді төраға.

ҰЛТ КӨГЕМІ

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

Қазақтың құт дарыған топырағы – Торғай атырабы еске түскенде, оның сары даласында «елім!», «құттым!» деп атой салған қайран ерлері көз алдына келгендей болады. Арғы тарихты айтпағанның өзінде, кешегі патша отаршылдары билеген кезеңдерде, одан тонын теріс айналдырып киіп, «ең әділетшіл, ең бостандықшыл, ең тедікшіл еліміз!» деп әлемге жар салып, ал іс жүзінде сол империялық саясатты күшейте түскен, бұрынғы берекесі тасыған қазақтың дархан даласына қасірет жұттырып, құты мен ырысын қашырып, қанға бөктірген кенестік билік үстемдік салтанат құрған дәуірде жалғыз Торғай даласының өзінен намысын қайрап, қаһарлана атқа қонған талай айбынды ерлеріміз бас көтерген.

(Соңы 5-бетте)

РЕФОРМА БІР КҮНДІК ЖҰМЫС ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әкімшілік әділеттің міндеті – қарапайым азаматтардың, бизнес өкілдерінің құқықтарын тиімді қорғау, әкімшілік органдардың қызметін тәртіпке салу. Ол үшін жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе қолданысқа енгізілді. Тәжірибелі, білікті судьялардан жасақталған арнайы соттар ашылды. Соттарға белсенді рөл берілді. Енді сот арызданушының талабын дұрыс тұжырымдауына, арызда кемшіліктер болса, оларды түзетуге, дәлелдер жинауға жәрдемдесе алатын болды. Соттың іс материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуіне мүмкіндік берілді.

Әрине, реформа бір күндік жұмыс емес. Дегенмен, енгізілгеніне көп болмаса да, әкімшілік әділет өзінің оң нәтижелерін береде. Бұл, ең алдымен, талап қоюшы жеке тұлғалар мен бизнес өкілдерінің пайдасына шығарылған шешім сандарының артқанынан көрінеді. Мәселен, осыдан бір жыл бұрын мемлекет пен бизнес арасындағы даулардың 85 пайызы шенеуніктер есебінен шешіліп келген. Бүгінде бизнес өкілдері мен билік арасындағы сотқа жеткен істердің басым бөлігі кәсіпкерлердің пайдасына шешіледі.

Нақты Қызылорда облысы бойынша көрсеткіштерге келетін болсақ, 2021



Жанат ОСПАНОВА,
Қызылорда облыстық
әкімшілік істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы

- салық даулары бойынша – 68 іс (9,3%);
- еңбек даулары бойынша – 38 іс (5,2%);
- тұрғын үй даулары бойынша – 27 іс (3,7%);
- басқа да даулар бойынша – 170 іс (23%).

Яғни, облысымызда әрекеті жиі дауланатын лауазымды тұлғалар – жеке сот орындаушылары болатын болса, шешімдері жиі наразылық туындатып отырған сала – мемлекеттік сатып алу саласы болып отыр. Мемлекеттік орган-

быстау үдерісінің жүйелі бұзушылықтармен жүргізілгенінің мысалы ретінде талап қоюшы Т.-ның жауапкерлер Қызылорда қаласының әкімі мен Қызылорда қаласының жер қатынастар бөлімінің жер учаскесін азамат Н.-ға табыстау туралы қаулысының күшін жоюды сұраған әкімшілік ісі бойынша анықталған заңбұзушылықтарды келтіруге болады. Іс бойынша даулы учаске онда орналасқан бөгде тұлғаның құрылысымен бірге, құрылыстың тағдыры шешілмей, табысталған. Нәтижесінде жауапкерлер қала әкімі мен Жер қатынастары бөлімі тарапынан жер учаскесіне құқық берудің Жер кодексінің 43-бабында белгіленген тәртібі бұзылған.

Келесі бұзушылық – жер комиссиясы отырысының өткізілу тәртібінің сақталмауы. Қағидаға сәйкес, жер комиссиясының әрбір отырысы барысында жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет-ресурстарында онлайн трансляциялау режимінде жер комиссиясы отырысының дыбыс-бейнежазбасы жүргізілуі тиіс. Бұл талаптар жер табыстау үдерісінің ашықтығын, әділдігін қамтамасыз ету үшін белгіленген. Аталған талаптар сақталмаған.

Тағы бір бұзушылық – жер учаскесін алушылар кезектілігінің сақталмауы. Кезектілікке сәйкес алдында 1835 адам бола тұра, Н.-ға жер учаскесі кезектен тыс, заңсыз табысталған. Сонымен қатар, жерді мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты бұзушылықтар анықталған. Сот талқылауы барысында белгілі болғандай, мемлекет мұқтажына деп алынған жер учаскелері кейіннен басқа тұлғаларға табысталған. Ал бастапқы меншік иелеріне жер учаскелері қаланың шет аймақтарынан бөлінген. Осындай заң бұзушылықтармен қабылданған әкімшілік қаулысы сот шешімімен заңсыз деп танылып, күші жойылған.

Жер кезегін қалыптастыру, кезекке қою (кезектен шығару) тәртібінің нормативті түрде реттелмеуі, жер комиссиясы отырыстарының онлайн форматының сақталмауы – сыйбайлас жемқорлық тауекелдерін тудыратын факторлар болып табылады. Сондықтан сот барысында анықталған бұзушылықтар бойынша шара көру және оларды келешекте болдырмау мақсатында жеке ұйғарым қабылданған.

Осындай істерді қарауда ӘРПК-мен бекітілген соттың белсенді рөлі қағидатының көп көмегі тиюде. Бұл қағидат соттың іс материалдарымен шектеліп қоймай, әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты және толық түрде зерттеуіне, өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинауына құқық берді. Бұл, өз кезегінде, әкімшілік сот ісін жүргізудің басты міндеті – бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру міндетін іске асыруға, даулардың заңды әрі әділ шешімін табуына мүмкіндік туғызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында сот жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы деп көрсетіп, нақты міндеттер қойды. Әкімшілік әділетті енгізу – осы міндеттердің бірі болып табылады.

АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ СЕҢІМДІ ТЕТІГІ



Бауыржан АЛЖАНОВ,
Ақмола облысының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы

Егер ұсынылған дәлелдемелер жеткіліксіз болса, сот өз бастамасымен қосымша дәлелдер жинауға құқылы.

Әкімшілік органдарға қатысты талап қою «Мемлекеттік органның кінәлілігі презумпциясы» қағидатының негізінде қаралады, яғни арыз беруші емес, әкімшілік орган өз шешімінің негізділігін сотқа дәлелдеуі тиіс.

Бұдан былай әкімшілік процесте жария-құқықтық даулар бойынша татуластыру рәсімдері көзделген. Жаңа сотта татуластыру рәсімдерін белсенді түрде жүзеге асыру қоғамдағы жан-жалды азайтып, мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, дауды тез арада реттеп, азаматтардың мүдделерін қорғауға мүмкіндік берді.

Құрылған кезінен бастап сотпен әкімшілік істерді қараудың орнықты тәжірибесі қалыптасты. Оның белгілі бір нәтижесі де бар.

Ақмола облысының мамандандырылған әкімшілік соты құрылған сәттен бастап 1 025 талап қою келіп тұст. Талап қоюлардың неғұрлым көп саны сот орындаушыларының әрекеттеріне келіп түскен – 32,8%, жер даулары бойынша – 21,3%, салық даулары және мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар – 6,3% құрап отыр.

Медиацияны есепке алумен талап қоюларды қанағаттандыру 67%-дан астам болып, татуластыру рәсімдері арқылы даулардың 14% реттелген. Дауларды қарау нәтижелері бойынша 100 жеке ұйғарым шығарылды. Заңдылықты бұзушылықтардың ең көп саны жер және тұрғын үй саласындағы жергілікті атқарушы органдардың – 36%, сот орындаушыларының – 29%, мемлекеттік кіріс органдарының – 8% анықталған.

Сот тарапынан 1 973 385 теңге сомасына ақшалай өндіру түріндегі 52 процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылған.

Әкімшілік әділеттің жұмысы бойынша қорытынды жасауға, әрине, әлі ерте. Алайда, әкімшілік әділеттің дамуы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы нақты әрекеттерге нық сенімді ұялатады деп айтуға болады.

ЕЛ ЖҮРЕГІ – АСТАНА



Астана күніне орай 1А-155/6 мекемесінде Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлерімен бірге арнайы іс-шара өткізілді.

Шараның мақсаты астананың символы, мәртебесі туралы айтып, бас қаланың кәсіпкерлік қабілеті мен жетістіктерін таныстыру. Осы арқылы Отан алдындағы жауапкершілікті қалыптастырып, елге деген сүйіспеншілік пен құрметті нығайту, Қазақстанның түрлі саладағы жетістіктеріне мақтаншықпен табысқа жетсем деген ниет қалыптастыру. Жасөспірімдерді шығармашылыққа баулу, ой қорыту, ізденуге, шапшаң әрі нақты жауап беруге дағдыланды-

ру, ойын анық жеткізу қабілеттерін дамыту.

Іс-шара кітапханашылар дайындаған астана туралы баяндамадан басталып, қызықты кітап көрмесіне ұласты. Сотталған балалар астананың тарихы жайлы викториналық сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін көрсетті. Белсенді қатысушыларға кітап сыйлыққа ұсынылды.

Шара жасөспірімдердің эстетикалық талғамын дамытып, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, қоғамға қалыпты азамат ретінде оралуына жағдай туғызуды мақсат етіп отыр.

Е.ЖЕҢІСХАН,
1А-155/6 мекемесі

ДАУ-ДАМАЙДЫ СОТСЫЗ ДА ШЕШУГЕ БОЛАДЫ

Елімізде дауларды бір жақ тараптың тиімділігі үшін емес, қос тараптың қол алысуымен бітістіретін рәсімнің қолданыста жүргеніне он жылдан асты. Медиация туралы заң қабылданған күннен бастап, республика соттары заңды нақты өмірде жүзеге асыруды насихаттау, оның қолданысын кеңейту мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізуде.

Арнайы пилоттық бағдарламалар іске қосылды. Судьялар халықпен кездесіп, БАҚ арқылы белсенді насихат жұмыстарын жүргізуде. Жер-жерлерде татуластыру орталықтары ашылып, билер кеңесі құрылды.

Қазір соттарда қаралып жатқан даудың небір түрі бар. Олар – меншік түрлерінің көбеюі, нарықтық қатынастардың орнауы және халықтың құқықтық сауаты мен талабының артуы. Осыған байланысты тиісті заңдарға өзгерістер енгізіліп, медиативтік рәсімдердің қолданылу аясы да кеңейуде.

Соттан тыс және соттағы татуласуға «Цифрлық сот талдауы» атты Жоғарғы Соттың жаңа ІТ сервисі де ықпал етпек. Онда жасанды зерде элементтері алғаш рет қолданылған. Бағдарлама қандай да бір талап арыз бойынша сот шығаратын ықтимал шешімді болжай алады. Осылайша, тараптар жеңіске жету мүмкіндігін бағамдап, ұзақ уақытқа созылатын соттасу әлегінен құтылады.

Дегенмен, медиаторға жүгінбей, сотқа арыз беріп қойғаннан кейін де, яғни істі сотта қарауға дайындау сатысында және

істі сотта қарау кезеңінде де, медиатордың көмегіне жүгінуге болады. Мұндай кезде, яғни іс медиация рәсіміне берілгенде, сот процесті жүргізуді тоқтата тұрады. Медиация нәтижесінде тараптар татуласуына қол жеткізілсе, дауды реттеу туралы келісім жазбаша жасакталып, тараптар қолын қояды.

Қазіргі кезде елімізде әрбір екінші адам сотқа жүгініп, өз құқықтарын заң аясында қорғауға ұмтылады. Нәтижесінде судьялардың қарайтын істері көбейіп, жүктемелері артып отыр. Егер бізде медиация институты кең қолданысқа енсе, әділдік іздеген қарапайым халық ұсақ дау-жанжалдарын сотқа жеткізбей-ақ аз уақыттың ішінде артық шығынсыз медиатордың көмегімен шешуге болар еді.

Медиация процедурасы сотпен салыстырғанда аз уақыт алады, құпиялық сақталып, дау татуласумен шешіліп, заңға сәйкес іс өндірістен қысқартылады. Жауапкер талапкермен татуласқан жағдайда жазаға тартылмайды.

Дауды шешудің ең дұрыс жолы – татуласу екені үнемі сотқа келушілерге жеткізіледі. Бабадан жалғасқан татулық рәсімінің құндылығы да жоғары. Тек бұл ретте жергілікті атқарушы органдар да, партия ұйымдары да, ассамблея мүшелері де қоғамның ішкі тұрақтылығын сақтау, азаматтардың әлеуметтік жағдайын қадағалау, криминогендік ахуалды бақылауда ұстау міндеттемелері негізінде татуластыру рәсімдерін насихаттауға баса мән бергені абзал.

Сая ТҮЛЕУОВА,
Маңғыстау облысы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының судьясы

МІНБЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Содан да болу керек оларға Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдар көбіне бір қалыптан шықпайтын сырғыппа жауаптар жібереді. Осы жағдайларға тоқталған Қошанов мырза алдағы уақытта заң жобалары мен сараптамалардың сапасын бағалау Парламенттің ерекше бақылауында болатынын атап көрсетті. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың депутаттық сауалдарға ауызша жауап беруінің практикаға енгізілгендігіне назар аударта келіп, депутаттар корпусы мен Үкімет мүшелері заң сапасын арттыруға бірлесі атсалысуы керектігін мәлімдеді.

Тұтастай алғанда бұл сессияда Парламент біршама жемісті жұмыс атқарды деп айтуға болады. Оның жұмысының негізгі стратегиялық басымдықтарын ҚР Президенті бытырғы қыркүйекте сессияның ашылуында, сондай-ақ, Қазақстан халқына жолдауында айқындап берген еді.

Жалпы Парламенттің осы сессиясы барша қазақстандық қоғам үшін айрықша жауапты кезең болғаны белгілі. Бұл ретте, әсіресе, тұтас еліміз үшін сын болған қаңтардағы оқиғаға орай дер кезінде және жедел әрекет ету қажеттігі туғанын айрықша атап өткен жөн. Осындай күрделі уақытта Мемлекет басшысы Парламент қабырғасында Қазақстан халқына жолдау жасап, ауқымды саяси жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Саяси трансформацияның негізгі өзегі – жаңа әрі әділетті Қазақстан құру, барлық қазақстандықтарға бірдей мүмкіндіктер жасау болды. Сондықтан да екінші сессияның заңнамалық күн тәртібі де айтарлықтай мазмұнды болды деп айту орынды.

Қошанов мырзаның айтуынша, Пар-

ламент палаталарының 4 бірлескен отырысы өткізілді. Мәжілістің 42 жалпы отырысы өтіп, онда 271 мәселе қаралса, Сенат құрған 42 жалпы отырыста 148 мәселе талқыға шығарылды. Ағымдағы сессия кезінде қос палатаның қоржынында болған 127 заң жобасының 78-і қабылданды. Оның бүгінгі таңда 66-на Президент қол қойып, күшіне енді. Әдеттегідей, депутаттар елдің басты қаржылық құжаты – 2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджетке және оны нақтылауға баса мән берді. Мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындауға, денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта бизнесті қолдауға және басқа да маңызды мәселелерге қомақты қаражат бөлінді.

Құқық қорғау саласына қатысты бірқатар мәселелер шешімін тапты. Айталық, қылмыстық саясатты ізгілендіру принциптерін басшылыққа ала отырып, республикада азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға рақымшылық жасалды. Тиісті тетіктер Тәуелсіздіктің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заңда бекітілді.

Президенттің тапсырмаларын орындау үшін құқық қорғау органдарының, прокуратураның және соттың өкілеттіктері мен жауапкершілігінің аражігін ажырататын қылмыстық-процестік заңнаманың үш буынды моделі енгізілді. Осы реформаның нәтижесінде, жыл басынан бері ғана прокурорлар 590 қылмыстық істі қысқартты және 1800-ден астам адамды айғақтар жеткіліксіз болғандықтан қылмыстық жауапкершілікке тартуға жол берген жоқ.

ЗАҢДАР
НЕГЕ ЖИІ ӨЗГЕРЕДІ?

Қазақстанның ұлттық заңнаманы үйлестіру туралы халықаралық міндеттемесі өлім жазасының күшін жою туралы заңда көрініс тапты. Депутаттар құқық қорғау органдарын реформалаудың нормативтік базасын қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырды. Осыған орай, құқық қорғау қызметін өткеру, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мәселелері реттелді.

Сессия барысында заң шығарушылар әлеуметтік саланы үнемі басты назарда ұстады. Мәселен, азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі заң қабылданды. Соның арқасында базалық әлеуметтік кепілдіктердің өзекті тұстары шешілді. Атап өтетін болсақ, ерекше күтімді қажет ететін адамдарды қолдау, атаулы әлеуметтік көмек және зейнетақымен қамсыздандыру қоса қарастырылды.

Сессия барысында депутаттардың бастамашылығымен 27 заң жобасы әзір-

ленді. Олардың 19-ы қазіргі уақытта қабылданды және 8 заң жобасымен жұмыс жалғасып жатыр. Депутаттар бастамашы болған заңдардың бірқатары Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға бағытталған. Олардың ішінде «ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Қаржы пирамидаларының қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі», «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңдар қабылданды.

Қоғамды толғандырып жүрген сұрақтарға толыққанды жауап алу мақсатында, Парламент қабырғасында сайлаушылардың көкейкесті проблемаларын шешу барысы туралы Үкімет мүшелерінің жауабы тыңдалды. Мысалы, Сенатта еліміздің бірқатар аймақтарындағы су тасқынының себептері мен салдары, «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» талқыланды. Ал Мәжілісте агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру мәселесі қаралды. Ерлан Жақанұлының айтуынша, қоғамда көтеріліп жүрген проблемаларды тиімді әрі уақытылы шешуге мүмкіндік беретін мұндай тәжірибе өз жалғасын табатын болады. Сонымен қатар, өзекті мәселелер туындаған жағдайда, депутаттардың шұғыл түрде өңірлерге шығуы да Парламент жұмысындағы тың кадам. Депутаттар осылайша халықты толғантқан мәселелерден шет қалмай, әрдайым оларды

шешудің алдыңғы шебінде болмақ.

Парламентте қоғаммен байланыстың дәстүрлі нысандарынан бөлек, диалогтың жаңа форматтары енгізілуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық талқылауларды әлеуметтік желілер мен қала алаңдарынан Парламент қабырғасына әкелу қажеттігі жөніндегі бастамасына орай Мәжілістің жанынан Қоғамдық палата құрылды. Оның құрамына қоғам белсенділері, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық сектор өкілдері кірді. Сонымен қатар, азаматтардың талап-тілектеріне жедел ден қою үшін Мәжілістің Қоғамдық қабылдау бөлмесі ашылды. Қошанов мырза бұл институт халықпен кері байланыстың тиімді арнасы болады деп сендірді. Бұларға қоса, Сенатта «Ұлттық мүдде» диалог алаңы жұмыс істейді. Онда ұлттық мүдделерге, құндылықтарға, ұлт болашағына қатысты мәселелер талқыланады.

Алдағы сессияда да жұмыс қарқынды болмақ. Кезекті Парламенттік сессияда заң шығару жұмысы, ең алдымен, Мемлекет басшысының халыққа арнаған жолдауында қойылған міндеттерді орындауға, конституциялық реформаларды іске асыруға бағытталмақ. Осы тұрғыда 20-дан астам жаңа заң жобасын әзірлеп, қабылдау міндеті тұр. Олардың қатарында прокуратура, омбудсмен туралы конституциялық заңдар мен сайлау, саяси партиялар туралы және басқа заңдарға енгізілетін өзгерістер бар.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КЕСЕЛ

НАШАҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ!

Есірткі, нашақорлық туралы Есоңғы кездері жиі естіміз. Олардың арасында осы кеселдің кесірінен зардап шегіп, қандықол қылмыс жасап, жазықты боп жатқандар да аз емес.

Есірткі деп естен айырылғандар қаншама, оларды саналы қоғам қатарына қайта қосылады дей аламыз ба? Елімізде есірткінің синтетикалық түрінің күрт өсуіне неге тоқтам болмай тұр?

Жаңа Қазақстан алдағы уақытта қандай күрес түрлерін іске асырмақ? Бұл мәселе біз ойлағаннан да ауыр, әрі күрделі. Оған себеп статистиканың жан түршіктіретін есебі. Еліміздің бас психиатры, Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Қуаныш Сағатұлы Алтынбеков нашақорлыққа қатысты статистикамен бөлісті.

Елімізде 107 675 адам бақылауға алынған, оның 89 358-і алкогольге, 18312-сі есірткіге, бесеуі темекіге тәуелді. Бұл есепке алынғандар ғана. Есепке алынбағандар мен мамандар кеңесін көзге ілмегендердің қаншамасы қалыпты қоғамды кезіп жүр. Жалпы есебін білу қиын, әрине. Бірақ мына статистикаға қарап қоғамның зиянды заттарға деген әуестігінің көрінісін ашық білуге болады. Өкініштісі, бұл тізім жыл санап өсіп барады.

Міне біз бейжай қарап келген мәселе бүгін қоғамның қауіпті дертіне айналды. Есірткі қоғамның біраз бөлігін өз тұзағына түсіріп те

ұлгерді. Енді қайтпек керек? Біздің елде олармен арнайы жұмыс жасайтын мамандар бар ма?

«Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының» мәліметіне сүйенсек, елімізде психологиялық дертке шалдыққандар саны өте көп және олардың түрлері де баршылық.

Негізінде есірткіге тәуелді болғандардың дені 18-20 жас аралығындағы жастар. Қоғамда ең маңызды рөл атқаратын жастардың есірткіге мұншалықты әуестігі кім-кімді де қынжылтпай қоймайды.

Еліміздің бас психиатры Қуаныш Алтынбековтың ақпаратына сүйенсек, елімізде жыл сайын арнайы алдын алу, қарсы күрес түрлеріне арналған акциялар, конференциялар ұйымдастырылады. Негізінде, мұндай шаралардың нашақорлыққа қарсы күрес күні ғана ұйымдастырылғаны аздық етеді. Біз нашақорлыққа қарсы күрес түрлерін әркез ескеріп, арнайы іс шараларды жиі ұйымдастыруымыз керек.

15-16 жастағы колледж студенттерінен алынған арнайы сауалнама нәтижесіне сүйенсек, есірткі қолдану және оны алу бүгінгі таңда еш қиындық туғызбайды. Оны аз ғана уақыт ішінде дайындап алуға да мүмкіндіктер бар дейді арнайы сауалнамаға қатысқан жасөспірімдердің өздері. Сондықтан жиі-жиі оның қауіпті тұстарын айтып қоғамды нашақорлықтан арашалауымыз керек. Ел болашағы берік болуы үшін бүгінгі күннен қам жасауымыз керек.

Хамид РЕИМОВ

ЖИЫН

ЭКСПОРТТАУШЫЛАР
МЕН ИНВЕСТОРЛАР
КЕҢЕСІ ӨТТІ

Түркістан облысы Инвестиция және экспорт басқармасының ұйымдастыруымен Өңірлік экспорттаушылар кеңесі мен Өңірлік инвесторлар кеңесі өтті. Екі кеңеске де Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Арман Жетпісбай төрағалық етіп, жүргізіп отырды.

Өңірлік экспорттаушылар кеңесіне мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ, «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы», «Қазақстанның Даму банкі» қаржы институттарымен жұмыс жөніндегі дирекциясы, сонымен қатар, облыстағы бірнеше ірі инвестициялық жобалардың ресми өкілдері қатысты.

Түркістан облысының тауар айналымы 2022 жылдың 4 айында 428,8 млн АҚШ долларды құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,5% жоғары (418,3 млн доллар). Осы кезеңде Түркістан облысынан экспорт 16,4% өсіп, 264,2 млн долларды құраған. Шикізаттық емес экспорттың оң серпініне ірі қара мал етін жеткізудің 12,84 млн долларға немесе 309,4% қой еті 5,36 млн долларға немесе 788,2% балықтың жон еті 1,23 млн доллар немесе 96,1%, трансформаторлар 1,01 млн доллар немесе 23,5% бидай ұны 0,56 млн долларға жеткен, не 14,7%.

Ал Өңірлік инвесторлар кеңесіне мемлекеттік ұйымдардың басшыларымен қатар Стиллово Алекс («ARM Wind» ЖШС), Фурсаев Андрей («HEVEL Kazakhstan» ЖШС), Сарсекев Сырымбек («Түркістан ЯССЫ» ЖШС), Махамбет Кайсарбек («Sauran Bricks» ЖШС), Садков Николай («Ecoculture Eurasia» ЖШС), Шонбергер Алоис

(«EcoInvest» ЖШС), Бабакулов Нұрлан («CAPABLE GROUP» ЖШС), Каскабаев Меірбек («RZN» ЖШС), Васитова Угилжандардың («Туркестан Агро XXI» ЖШС) қатысуымен өтті.

Өңірлік инвесторлар кеңесінің негізгі мақсаты индустриялық кластерлерді құру және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін өңірдің инвестициялық тартымдылығын жақсарту, сондай-ақ, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесін беру қалаға ғана емес, бүкіл өңірге инвестициялар тартуға айтарлықтай серпін берді. Облыс құрылған сәттен бастап өңір экономикасына 2,2 трлн теңгеден астам қаржы құйылған. Инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіп, туризм, ауыл шаруашылығы сияқты салаларға бағытталып отыр. Сондай-ақ, жанарғылау энергия көздері саласында айтарлықтай динамика байқалады. Бүгінгі таңда Түркістан облысы бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша Қазақстандағы ең үздік өңірлердің бірі болып табылады. Облыста арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар жұмыс істейді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының бастамасы бойынша «TURAN» халықаралық арнайы экономикалық аймағын құру бойынша жұмыстар серпінді жүргізілуде.

Кеңес отырысы басында облыс әкімінің орынбасары инвестициялық ахуалды жақсарту, инвестицияларды тарту біздің негізгі міндеттеріміз екенін атап өтіп, аймақтың дамуына қосқан баға жетпес үлестері үшін инвесторларға алғыс білдірді.

– Биылғы жылдың соңына дейін 74 млрд теңге сомасындағы 13 жоба іске қосылады деп күтілуде. Осы жобаларды іске асыру мыңнан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы, 2025 жылға дейін жалпы сомасы 1 трлн болатын 44 инвестициялық жоба іске қосылады деп күтілуде. Ал бұл кезде Түркістан қаласы мен облысында 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны болмақ», – деді Инвестиция және экспорт басқарма басшысының орынбасары Қанат Шонбасов.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ҰБТ: БІЛІМ БӘСІНДЕ – БАҚ ЕМЕС, БАП ШАБАДЫ

Тағы бір оқу жылы аяқталып, балалардың жазғы демалысының бір айы да өте шықты. Бұл мезгіл төменгі сынып оқушылары үшін ұзақ мерзімдік демалыс десек, он бірінші сыныпты тамамдап жатқан түлектер үшін болашағын бағамдайтын нағыз өмірлік сынақ деуге болады.

Биыл елімізде 161 мың 430 түлек орта мектепті бітіріпті. Соның ішінде 7,5 мың бала алтын белгі иегері. Республика бойынша ҰБТ тапсыруға 290 мыңға жуық өтініш келіп түскен. 5 шілде күні республика бойынша ҰБТ тапсыру науқаны аяқталды. Оның ішінде түлектердің 75,7% қазақ тілінде, 24,1% орыс тілінде, 0,1% ағылшын тілінде тестілеуден өтті. ҰБТ басталғалы шекті балды 67%-ға жуық талапкер жинады.

Биыл мемлекеттік білім беру гранты қалай бөлінбек?

2022–2023 оқу жылында бакалавриатқа түсу үшін 61 мыңнан астам грант бөлінген болса, оның ең көп бөлігі инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бөлінген – 17 794 грант. Педагогикалық ғылымдар – 10810 грант, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 7487, жаратылыстану ғылымдары – 4088, ауыл шаруашылығы ғылымдары – 1895, денсаулық сақтау сала-

сындағы мамандықтарға – 2700, өнер және гуманитарлық ғылымдар – 1615, бизнес, басқару және құқық – 1223, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат мамандықтарына 960 грант бөлінді.

Тестке дайындайтын орталықтар һәм ауыл квотасы

Жыл бойы 10-11 сынып оқушыларының ақылы білім беретін орталықтардың табалдырығын тазырып жүргені жасырын емес. Бұндай орталықтар саны жыл сайын артып келеді. Өр орталықтың қызмет көрсету сапасы да, бағасы да әр түрлі. Мәселен, онлайн бөлімін қоспағанда 12 бөлімшесі бар «Қазбілім» орталығының сайтында ҰБТ-ға дайындық 38000 теңгеден басталатындығын көрсеткен.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Аятжан АХМЕТЖАН,

Нұр-Сұлтан қаласындағы №51 мектеп-гимназиясы директоры;

«ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚАЙ ТІЛДЕ ТАПСЫРҒАНЫ ЕМЕС, ҚАНША БАЛЛ АЛҒАНЫ МАҢЫЗДЫ»

– Аға, қазіргі ҰБТ нәтижесіне қарасақ түлектердің 75,7% қазақ тілінде, 24,1% орыс тілінде, 0,1% ағылшын тілінде тестілеуден өткен. Демек орыс тілділердің үлесі 24% құрады. Ел арасында грант тілге теңдей бөлінеді деген пікір бар. Демек орыс тілді түлектердің грант ұтып алу мүмкіндігі көбірек пе?

– Иә, биылғы ҰБТ тапсырушылардың тілдік үлесі сондай. Бірақ, грант тілге байланысты бөлінеді деген жаңсақ пікір. 2019 жылдан бері осынаша пайыз қазақ тіліне, осынша орыс тіліне деген дүние жоқ. Грант тек бала беріледі. Демек кім жоғары ұпай алса, сол грант иегері атанады. Түлектердің ҰБТ-ны қай тілде тапсырғаны маңызды емес, қанша балл алғаны маңызды болмақ.

– Бүгінде ҰБТ-ға дайындайтын орталықтар көбейіп кетті. Өзіңіз де сондай орталықтың иесісіз. Осы орталықтардың жұмысын, табысын бақылап отырған арнайы мекеме бар ма?

– Орталықтың жұмысын ата-аналар бақылайды. Айт-сайын ата-аналарға есеп беріп отырамыз. Ал кіріс мәселесіне келсек, орталықтың кірісі кәсіпкерлікке жататындықтан салық комитеті бақылайды.

– Оқушыларды арнайы сынақ арқылы іріктеп аласыздар ма?

– Жоқ, орталыққа келген баланы тест арқылы қабылдамаймыз. Келген баланың барлығын бір ай көлемінде бақылаймыз, баласы туралы ата-анаға нақты ақпаратты береміз. Алып кете алатын баланы оқытамыз, шамасы жетпейтін баланы қайтарамыз.

– Түлектеріңіздің нәтижесі туралы статистика жүргізесіздер ме?

– Жыл сайын оқушыларымыздың нәтижесін екі мәрте жариялаймыз. Бірі – ҰБТ аяқталып, тест нәтижесі толық шыққан кезде балмен, екіншісі – гранттың тізімі шыққан кезде грантпен. Бұған дейін «Қазбілім» түлектерінің грантқа түсу көрсеткіші 96-97% ды көрсеткен болатын.

– Жедел сұхбатыңызға рақмет

Ақылы білім алуға ауыл балаларының мүмкіндігі аз

Әр орталықтың бағасы әр түрлі екенін айттық. Кейбір орталықтардың қызметіне тамақ пен еліміздегі ЖОО-ларына экскурсия кіреді. Бұндай орталықтарда бір баланы бір ай дайындау құны шамамен 30 мың теңгеден бастап 100 мың теңге аралығында. Ай сайын балаларды ынталандыру мақсатында қымбат сыйлықтар мен гранттар, оқу ақысына жеңілдіктер беріп тұратын орталықтар да бар. Алайда орталықтардың барлығы дерлік қалада орналасқаны түсінікті. Демек, қала балалары өз үйінде тұрып оқиды деген күннің өзінде айына кемі 30 мың теңге қаражат жұмсауы мүмкін. Ал ауыл балалары ше?

Ауылдағы ата-ана баласын қосымша сабаққа беру үшін, қаладан пәтер жалдауы немесе туыс-туғанының үйін жағалауы керек. Орталықтың жатақханасында тұрды деген күннің өзінде, бір балаға қаладағы жүріс-тұрысы мен тамағы үшін кемі 80 мың теңгедей қаражат кетеді. Еліміздегі төменгі жалақының 60 мың теңге екенін ескерсек, ауыл балаларының көбі қосымша білім беретін орталықтардың қызметіне жүгінбейтініне көз жеткізе аламыз. Анығы, барғысы келгендіктен емес, қаржылық жағдайы жетпегендіктен. Мемлекеттік грант қосымшаға барған баламен бармаған бала арасында теңдей ойнатылатыны тағы бар. Демек әлеуметтік жағдайы төмен баланың грантқа түсу ақымалдығы төмендей бермек. Осы орайда ауыл балалары арналған ауыл квотасы бар ғой деген заңды сауалдың бас көтерірі анық. 2020–2021

оқу жылында бөлінген 53,864 гранттың 30% яғни 16,159 ауыл балаларына арнап бөлінген болатын. Бірақ, БҒМ-нің мәліметі бойынша сол бөлінген грантты 5471 бала ғана қолданып қалған екен. Демек 33-34% ғана іске асқан. Ауыл баласы ауылда ғана жұмыс істеуі керек, ауылдық жерде сұранысқа ие маман атануы тиіс деген шарт жоқ, әр баланың өз арманы боларын ескерсек бұл жобаның да тиімсіз екені анық. Үкімет ауыл квотасына арнап биылда 35%, яғни бөлінген 56 мың гранттың 19600 орын бөліп отыр. Ауылдық жердегі білімнің төмен екені айтылып та жазылып та жүр. Биылғы 161 мың 430 түлектің 46%, яғни 74 мың 257 бала ауылдан. Былтыр да мектеп бітірген 140 мың 643 баланың 46-47%, сәмен айтқанда 65 мың 362-сі ауылдан. Ал сол баланың қаншасы ҰБТ-ға қатысты, қандай нәтиже көрсетті ол жағы беймәлім.

Ақтөбе облысында мемлекет меншігіне 20 мың гектардан астам жайылымдық жер қайтарылды. Бұл туралы Қобда ауданында өткен «AMANAT» партиясы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясының кешпелі отырысында айтылды.

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛУДА

«Мемлекет басшысы жерді өзі де пайдаланбайтын, өзгеге де бермейтін жер иеленушілер бар екенін бірнеше рет айтқан болатын. Осы мәселеде әділдікті қалпына келтіру біздің комиссияның басты міндеті. Бұл бағытта атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша бүгін Ақтөбе облысында мемлекет меншігіне 20 мың гектар жер қайтарылды. Жұмыс жалғасын табады», – деді «AMANAT» партиясының хатшысы Дәулет Кәрібек.

Атап айтқанда, Байғанин ауданында – 15 мың га, Хромтау ауданында – 1,9 мың га, Қобда ауданында – 2,1 мың га, Әйтеке би ауданында – 149 га, Қарғалы ауданында – 876 га, Ақтөбе қаласында – 370 га жайылым мемлекет меншігіне қайтарылды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірдегі барлық жайылымның жалпы көлемі 25 млн га жетеді. Олардың көпшілігі шалғай аудандарда орналасқан, ал жер учаскелері негізінен елді мекендердің айналасында тапшы.

«Облыстағы жеке қосалқы шаруашылықтарда 314,8 мың бас мал тіркелген. Оларды жаю үшін шамамен 105 мың га жетіспейді. Бұл мәселе, әсіресе, Алға, Мәртөк, Темір аудандарында және Ақтөбе қаласында өзекті. Қазірдің өзінде жерді жөн-жосықсыз пайдаланғандардың тізімі 244-ке жетті. Материалдар құзыретті органдарға жолданды», – деп мәлімдеді басқарма басшысы Исатай Еспағанбетов.

Еске сала кетейік, партия жанынан «Жер аманаты» комиссиясы құрылған болатын. Соңғы бірнеше ай ішінде комиссияның құшымен Қарағанды, Жамбыл және Түркістан облыстарындағы 140 мың гектардан астам жайылымдық жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

«AMANAT» партиясының баспасөз қызметі

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ЖЕРЛЕУ РӘСІМІНІҢ ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ

Ranking.kz-тің көрсетуінше, ҚР жерлеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі екі еседен артық ұлғайды. Жерлеу рәсімдерінің құны 13%-ға артты. Жерлеуді ұйымдастыру және осыған байланысты қызметтер көлемі ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 1,8 млрд тг асты, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 2,3 есе көп. Оның ішінде ауылдық жерлерге 26 млн тг ғана тиесілі, бұл 2021 жылғы қантар-наурыз айларымен салыстырғанда 1,6% артық.

ҚР-да жерлеу рәсімдерінің бағалары 2022 жылғы мамырдың қорытындылары бойынша орта есеппен жылына 13,1% өсті. Бұл ретте еліміздің бес өңірінде: Ақтөбе, Жамбыл, Қос-

танай және Түркістан облыстарында, сондай-ақ, Нұр-Сұлтанда баға өзгермеді. Басқа өңірлердің арасында жерлеу рәсімдері бағаларының ең жоғары өсімі Маңғыстау облысында тіркелген (бірден 61,8%), одан кейін Алматы және Атырау облыстары (33,3%-ға).

Сонымен қатар, ҚР қайтыс болғандар саны бір жыл ішінде 5,4% өсті: 2021 жылғы қантар-наурызда 36,1 мың адамнан 2022 жылғы қантар-наурызда 38,1 мың адамға дейін. Оның ішінде 20,4 мыңы ерлер, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,7% артық, ал 17,7 мыңы әйелдер, бұл 6,3%-ға артық деген сөз. Өлім-жітім коэффициенті 2022 жылдың бірінші тоқсанында мың адамға шаққанда 7,71-ден 8,03-ке дейін өсті.

ТУЗЕУ МЕКЕМЕСІ

СОТТАЛҒАҢДАР ДІН ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ЗК-169/4 мекемесінің тәрбие бөлімі мен облыстық тарихи-өлкетану мұражайы сотталған азаматтарға «Аласқан азаматтарды-қоғамға бейімдеу ортақ міндет» тақырыбында ашық пікірталас ұйымдастырды.

Сотталғандарға даналық пен ізгі жолды насихаттау, мәдени және ұлттық құндылықтарымызды сақтау және дәстүрлі емес діни қозғалыстардың ұлттық құндылықтарымызға тигізетін кері әсерін ашып көрсету мақсатында өткен кездесуге Сырдария орталық мешітінің наиб имамы Отызбаев Қайырбек Тоқтыбайұлы және облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы Оспанов Бахтияр Есенгелдіұлы қатысты.

Дін өкілдері дәстүрлі ислам дінінің басты құндылықтары жайлы сөз етті. Кез келген діннің басты мұраты – адами құндылықтарды ұлықтау, жұртшылықты жақсылыққа шақыру, бірлікке, ынтымаққа үндеу. Дін ислам әркезде осы мұраттан, осы ұстанымнан тайған емес. Сондықтан да басқа діни ағым жетегіне ермей, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарап, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліңіздер деді.

«Бүгінгі дін өкілдерімен кездесу барысында дәрісті тыңдай отыра көптеген діни сауаттылығымызды кеңейте алдық. Өте маңызды тақырыптағы дәріс болды. Дін өкілдері өзге діни ағымдардың басты ерекшеліктері туралы ашып түсіндірді. Мұқият тыңдап, көптеген мәліметтер алдым», – деді сотталған азамат.

Кездесу соңында сотталған азаматтар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып толыққанды жауаптар ала алды.

Дана ДОСТАНОВА

МАМАН ПІКІРІ

Руслан ЕМЕЛБАЕВ, ҚР Ұлттық тестілеу орталығының директоры:

«ОРТАЛЫҚ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАЙТЫН ТЕГІН ОНЛАЙН-САБАҚТАР ӨТКІЗДІ»

– ҰБТ-ға дайындайтын орталықтар саны жыл сайын көбейіп жатыр, сол орталыққа қанша бала келді, орталық қызметіне жүгінген балалардың нәтижесі қандай, орталықтардың қызмет құны қанша екенін бақылап арнайы статистика жасайсыздар ма?

– Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ нәтижелері бойынша білім орталықтарына қатысты статистика жасамайды. 2017 жылдан бастап ҰБТ жоғары оқу орындарына түсуге арналған емтихан болып табылады. Оны тапсыру немесе тапсырмау мектеп/колледж түлегінің өз еркінде.

– Арнайы орталықта білімін пысықтаған бала мен орталыққа бармаған баланың нәтижелерінде айырмашылық болары сөзсіз. Бұндай арнайы орталықтар қала балаларына қолжетімді болғанымен, шалғай ауылдағы балалар мен әлеуметтік жағдайы төмен балаларға қолжетімсіз. Осындай орталықтармен бірлесіп ауыл балалары мен әлеуметтік жағдайы төмен балаларға арналған арнайы пакет өнгізу жоспарларыңызда бар ма?

– Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ кезінде ғана емес, оның

басталуына дейін де қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс жүргізіп жатыр. Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ-ға дайындауға арналған тегін онлайн-сабақтар өткізеді. Онлайн сабақтар ірі республикалық білім беру орталықтарымен бірлесіп өзірленеді. Сабақтар білім беру орталықтарының YouTube арналарында тікелей эфирде өткізіледі. Онлайн сабақтардың барлық әзкірі талапкерлердің кез келген уақытта көре алуы үшін сақталады.

Өткен жылы 376 сағат онлайн сабақтар өткізілді. Оған еліміздің барлық өңірлерінің мектеп түлектері қатысты. Олар қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика, химия, биология, физика, география және басқа да пәндер бойынша дайындықтан өтті. Биыл өткен жылмен салыстырғанда түлектерді қабылдау емтихандарына дайындауға қатысып жатқан білім беру орталықтары мен онлайн-платформалар саны артты. Жоба бюджет қаражатын жұмсамай іске асырылады.

Осылайша, Ұлттық тестілеу орталығы мен ірі білім беру орталықтары түлектерге емтиханға сәтті дайындалуға көмектеседі. Талапкерлерге арналған онлайн-сабақтар осы оқу жылының соңына дейін жүргізілді.

Дүбірлі дода аяқталды

Орталық маманы осылай жауап бергенмен соңғы екі сауалымызға мардымды жауап болмады. 2020–2021 оқу жылында бөлінген 53,864 гранттың 30%, яғни, 16,159 ауыл балаларына арнап бөлінген болатын. Сол бөлінген грантты 5471 бала ғана қолданып қалған екен. Демек, 33-34% ғана грантты жеңіп ала алған. Ал биыл ауыл квотасы тағы да 5% көбейді. Гранттың саны артқанымен, ауыл балаларының ҰБТ

да көрсеткен көрсеткіштері төмен болса, бұл бағдарлама тиісті деңгейде жүзеге аспасы анық. Алдағы уақытта ауылдағы маман тапшылығын шешуге арналған жаңа бағдарламалар енгізіле ме? – деген сауалымыздың соңы сұйылды. Сонымен қатар қазір ауыл балаларының білім деңгейінің төмендігі ҰБТ-да болсын арнайы лицейлердің іріктеуінде болсын көрініп жүр. Ауылдағы ата-аналар балаларының нашар нәтиже көрсету себебі, ауылдағы білікті мамандардың аздығы мен қосымша білім

беретін орталықтардың жоқтығынан екенін айтады. Баласын қаладағы орталықтарға апаруға ауылдағы ата-ананың жағдайы жете бермейді. Ауыл балаларына қосымша білім қашан қолжетімді болмақ? Алдағы уақытта осы бағытта қолға алынатын арнайы жобалар бар ма? Бұл сұрақ та әзірге өз жауабын таппан жоқ. Қалай десек те, міне дүбірлі доданың ең шешуші кезеңі аяқталды, ендігі үміт үздіктердің өз нәтижесінде.

Нұрбек ҚОШКЕЛГЕН

ҰЛТ КӨСЕМІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал Алаш қайраткерлері бұл күші басым, зорлықшыл империямен қолға қару алып күресудің тиімсіздігін түсініп, туған халқының көзін ашып, оятып, сілкіндіріп, оқу-білім алу жолымен алға басуды мұрат тұтып, баспасөзді дамытып, газет-журналдар аша бастағанда, алаш жұртының көсемі Әлихан Бөкейханұлының шақыруына алғаш ұн қатқан Торғай топырағының перзенттері болатын. Солардың ішінде озық тұратын екі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының жөні бөлек еді. Жиырма-сынышы ғасырдың бас кезіндегі әйгілі патшалық столыпінді реформадан кейін орыс переселендері қазақ жеріне өңмендей еніп, ежелден жұртымыз қоныстанып келген жайлау-жайылымдарымызды иелене бастағанда, Әлиханның жанынан табылып, Ресей патшалығының далалық генерал-губернаторына жер жөнінде наразылық петициясына қол қойған санаулылардың бірі тағы да Ахмет еді. Қысқаша айтқанда, сол замандарда қандай да бір қазақтың мүддесі қорғалған мәселелерден оның тыс қалған кезі болмапты, керісінше, үнемі басында, ұйытқысы да, ұйымдастырушысы да өзі болып жүрген.

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы

та көтерілді, енді ажырамастай болып, жұртымен мәңгіге қауышты. Еңбегінің өлмегендігі, мәңгілікке елінің көгінде жарқырап тұра беретіндігінің дәлелі сол, ел-жұрты аяулы перзентінің 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтіп, биылғы жыл – Ахмет Байтұрсынұлы жылы деп белгіленді. Халық үшін жаңалық қасиетті еңбекті ешқашан тот баспайтындығының, оны ешбір саяси күштердің жойып жіберуге құдіретінің жетпейтіндігінің жарқын бір мысалы осы! Осылайша, ақынның өлмес қазыналы еңбектері әлемдік биік деңгейдегі мысалдары – ғұмыр болып тарихымызда қайта жаңғырды.

Ахмет Байтұрсынұлы – ірі ғалым, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиетінің реформаторы, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі ретінде танылған тұлға. Тіпті, осылайша анықтама беріп, қысқа қайыра салудың өзі оның ұланғайыр еңбегінің алдында аздық етеді, ол – «Алаш» партиясының, сонымен бірге, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, аудармашы, көсемсөзші-публицист, сол тұста халқына шамшырақтай нұрын төккен «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі бас редакторы ретінде ұлт тарихында



ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

Ахмет Байтұрсынұлының туған халқының алдында сіңірген еңбегі күні бүгінге дейін маңызды жойған жоқ, содан бері де талай ұрпақ ауысса да, тарих шаңына көміліп қалмай, тіпті, уақыт өткен сайын, керісінше, құндылығы арта түсіп, қоғамдық формациялар әлденеше құлбылып, өзгеріске түсіп жатса да сағат ақынды жарқырап, халқының қолына жарап келеді. Кешегі оның атын атаудың өзі қылмыс саналған кенестік дәуірдің өзінде ол негізін қалап кеткен ғылым еш тоқтаусыз өмір сүріп отырды, қазақ даласындағы қолданылып келген тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары Ахметтің еңбектеріне сүйеніп, жүйеленді және басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Жасыратыны жоқ, сол аумалы-төкпелі, әділетсіз қиянат-қысымға толы кигүрқы саясат тұсында, «енді оның аты біржола өшті» деген сеніммен, еңбектерін пайдаланып, ғалым атаңдарда да болды. Бұл туралы жазушы Ф.Мұстафин алаш ардақтылары ақталардың алдында «өзіміздің алаш қайраткерлері туралы білетінімізді енді жазыру, аримын, халқымыз алдында мүмкін болмады. Олардың еңбектерін пайдаланып атақ алғандар, қарнына қазы біткендер бар» деп, «Жалын» журналына, мақала деуге келмейтіндей, қысқа ғана халқына хат түрінде мәлімдеме жасағаны есімізде. Әрине, бұл үшін, қаншама уақыт араға түскеннен кейін, ізі әлдеқайда суыған іс-әрекеттер үшін әлдекімдерді жауапқа тарта да алмаймыз, олардың да сол арыстарымыздың соңынан көп ұзамай күндері батқан. Жасалған қылмыс, зұлымдықтың да сол қиын заманда өз есебін түгендеген, саясат ыңғайына бейімделгіш қулық-сұмдықтың да уақыты келгенде жауабы сұралады. Төбеден төнген кара бұлт сейіліп, халық тұманнан айығып, шындық жарқырап шыға келгеніне, міне, куә болып отырмыз. Ақиқатына келгенде, бұған ең басты айыппер – сүркія саясат ұстанған сталиндік қанқұйлы режим болатын. Тарих шегершігі айналдып келгенде, сойқанды саяси кезең қазақтың арда туған арыстарына тап келді – ең үлкен өкініш, замананың ашы запыраны осы. Бірақ, бұл тарихтың қайғылығы сабағы ешқашан ұмытпайды, халықтың көкейінен өшпес анық. Әрқашан кері кеткен заманның бір түйткілі трагедиясы ретінде еске аламыз, қайран ерлеріміздің биік елдік рухы мен ерліктерінің алдында басымызды иеміз, әруақтарына құран бағыштап отырамыз.

«Алмас кездік қын түбінде жатпас» дегендей, қандай қылышынан қан тамған қаһарлы империя да, оның сойылды соққан саяси идеология да, сол кенестік жүйенің жаңдайшап жездеттері қанша тырысса да Ахмет Байтұрсынұлындай ұлы ғалымның, күрескер ақынның қасиетті мұраларын, көл-көсір қазыналы еңбектерін жойып жібере алмады. Дәурендері жүріп тұрғанда жолын бөгегенімен, уақытша бетін көлегейлегенімен, тіпті, Ғабиден Мұстафин жазып кеткендей, оның еңбегін пайдаланып кеткендер де болғанымен, ғалымның адал еңбегі абыройлы атағымен нағыз иесіне қайтарылды. Бұрынғы бетімен арамдыкқа бақ-құт, атақ болып қала алған жоқ.

Ең бастысы – халық берген абырой-атақ. Ал, ел-жұрты оның баға жетпес еңбектерін өзге кімге қияр еді? Кезеңі келгенде оның халқына қалдырып кеткен сарқылмас қадірлі мүлкі – ғылыми, әдеби дүниелері жарқ етіп ел көгіне қай-

терең із қалдырды. Жоғарыда баса көрсеткеніміздей, күрескер рухты Торғай топырағында дүниеге келуінің үстіне, ел қамын жеуің, жұртына бас болуға ұмтылған қамқор ұлтшылдық пиғылын оның қанында бар, тегінен жұғатын болған қасиеті деуге болар. Олай дейтініміз, әкесі Байтұрсын Шошақұлы өз ортасына аса ықпалды, беделді, әділеттілігімен аты шыққан адам екен. Оның момын жұртына араша түсіп, аймағын билеген ояздың, яғни, уезд бастығы Яковлевтің басын жарып, он бес жылға Сібірге жер аударылған оқиғасы ел аузында аңызға айналған. Нақ осы оқиға Ахметтің жүрегіне мұз боп қатып, кейін күрес жолына түсуіне басты себеп болған.

Ұлы жазушымыз М.Өуезов өзінің әйгілі әңгімесі «Қараш-Қараш оқиғасының» сюжетін осы Байтұрсын Шошақұлының өмірінен алып жазғандығы туралы деректер кездеседі. Зерттеушілердің дәлелдеуінше, кейін кино түсірілген осы әңгіменің басты кейіпкері Тектіғұлдың прототипі – Байтұрсын болған. Сол аяулы өке ел-жұртының қамы үшін құрбан болғанда, сол кездегі жасөспірім бала Ахметтің қандай жолға түсетіні айқындалған сияқты, ол жоғарыдағы өленінде әке аруағының алдында, «адамнан туып, адамдық жолына қалай түспеймін?!» деп, серт бергендей. Және соны барша өмір жолдарымен дәлелдеп өтті.

Ахмет Байтұрсынұлы – ірі ғалым, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиетінің реформаторы, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі ретінде танылған тұлға. Тіпті, осылайша анықтама беріп, қысқа қайыра салудың өзі оның ұланғайыр еңбегінің алдында аздық етеді, ол – «Алаш» партиясының, сонымен бірге, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, аудармашы, көсемсөзші-публицист, сол тұста халқына шамшырақтай нұрын төккен «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі бас редакторы ретінде ұлт тарихында терең із қалдырды.

Жақынынан ерте айырылған Ахмет әкесінің інісі Ергазының қолында тәрбиеленді. Ол кісі бала Ахметтің оқу-білімге құмартқан талабын байқап, әуелі атақты Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған бастауыш қазақ мектебіне берді. 1891 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне, ал 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, білімін жетілдіре береді. Бұл сол заманның баласы үшін өте биік жетістік болатын. Әрине, әкеден жастай жетім қалған бала үшін, жағдайы жақсы туыстар қамқорлығы болмаса, осылайша ізденіс жолына түсудің қиын болары сөзсіз. Осыған қарағанда, жақын туыстары да оның үлкен болашағын көре біліп, соған ықпал жасап отырған. Қазақ даласында Ахмет сияқты білім дәрежесіне жеткен мұғалімдердің жетпейтіндігінен, әрі қарай ол ұстаздық жолына түсіп, 1896–1907 жылдар аралығында әуелі Ақтөбеде, одан Қостанай, Қарқаралы жерлерінде уездік, ауылдық, болыстық мектептерде кезегімен сабақ бере бастайды. Бұл Ахметтің өте жемісті болған, тәжірибе жинақтаған жылдары еді. Кейін ол бұл туралы ақындық шығармашылығында, әрі қазақ баспасөздерінің ашылуына мұрындық болып, публицистік, журналистік жолға түсе бастағанда, өзекті мақалаларын жариялай бастайды. Өйт-

кені, ол ізденгіш, аса сауатты мұғалім болғандықтан, жоғарыда аталған елді мекендерді аралап, сабақ бере жүріп, қазақ даласына не жетіспейтінін жақсы зерттеп, біле бастайды. Білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді көзімен көреді, бұл саладағы қажеттіліктер туралы ой түйеді.

Оның әрі қарайғы ғалымдық ізденісіне осы ұстаздық қызмет еткен жылдары көп түрткі болған. Ахмет, әсіресе, сол кезде туған тілінің жағдайын жақсы түсінді, оны ғылыми түрде жүйелеп, бір ізге салмайынша, жалпы жұртымызда білім мен ғылым салаларының кенжелеп қала беретініне көзі жетті. Тез арада оқу құралдарын жазуды қолға алу қажеттігін ұқты. Оның осы мұрат-мүдделері тіл білімі мен әдебиеттану салалары бойынша теориялық еңбектер жазу ойына ұласқан.

Ахметтің «Тіл танытқыш», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» деген теориялық еңбектері – бұл салалар бойынша жарыққа шыққан алғашқы қарлығаштар еді. Содан бері осы салаға жүздеген еңбек жазылды, қаншама тілтану, әдебиеттану ғылымы бойынша академиктер шықты, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды, солардың бәрін де негізі осы еңбектерде қаланды десек, ешкімнің тауып аласартпасыз. Және солақай саясат ыңғайымен дәл уақытында Ахметтің нақты лайықты орны айқындалмағанымен, уақыт бәріне таразы – қатал

сынығы болып шықты, оның асыл мұрасы да, өзінің абыройлы атағы да жұртына қайтарылып, әділет салтанат құрғанына халқымыз куә болды.

Әрине, сонымен бірге, ел ортасында қызмет қыла жүріп, қайраткерлік деңгейде жұртының қамын жеуі де, бұл үшін өзі сияқты көзі қарақты елдің мұңын көздеген азаматтармен бірігіп, ынтымақтаса қимылдау ойлары да осы кездерде пайда бола бастағандай.

Жалпы, Ахмет ел мүддесін әуел бастан жоғары қойған. Ағайын-туыстары, дос-жолдастары бірігіп, бас қосқанда, оның ел-жұртының қамына бел шешіп, кірісіп кеткенде, қызмет қылар жарының жоқтығын уайым қылып, елдің бір таңдаулы қызына қосуды ойластырғанда, Ахмет бұдан саналы түрде бас тартқан екен. Жанашыр жақындары қайта-қайта бұл мәселені қозғап, қоймаған соң, тіпті, ашуланып, беттерін қайтарып тастаған. Бірақ, келе-келе, қызмет ауқымды ұлғая бастаған сайын, жанашырларына ғана емес, оның өзіне де, түбі, тамағын, киімін дайындап, әзірлеп отыратын көмекші серік адамның керектігі біліне бастаған. Міне, ерлі-зейіпты Ахмет-Бадрисафа тарихы осыдан басталады.

Екеуінің жұп құрау тарихы да қызықты. Бұл туралы оның жақын туысы,

біздің замандасымыз Ілияс Байтұрсынның 1998 жылы Қостанайдан шыққан «Алтын бесік» атты естелік кітабында жақсы баяндалған. Әрине, Ахмет пен Бадрисафаның қосылу тарихынан ғашықтық хикаясын іздегеніміз жөн болмас еді. Яғни, екеуінің үйленуі Ахметтің қызмет жағдайына байланысты туындаған. Ол 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдік оқуын бітірген соң, әуелі осындағы Аманқарағай болыстық мектебіне мұғалім болып орналасады. Бұл елде ешқандай танысы болмаған соң, кейінгі өзіне жар болатын Александраның әке-шешесінің үйіне пәтер жалдауына тура келеді. Әкесі осы Аманқарағай орманының қорықшысы екен. Әуелдегі екеуі ағалы-қарындасты тіл табысып, бірте-бірте ол сыйластық жүрек сезіміне ұласқан. Кейін Ахметтің қызметі Қостанайға ауысқанда, Александраның ата-анасы ризалығын беріп, екеуі үлкен мектепке бірге келіпті. Жалпы, Александраның өзі ғана емес, әке-шешесі, Аманқарағайдың қазақ, орысы, татары аралас жергілікті халқы оның үлкен жүректі азамат екенін танып, бағалап, шығарып салған көрінеді. Оның бір белгісі – осы арадағы бұрын Әулиекол аталып келген қол, ауысып кеткен соң оның құрметіне Мұғалімкөл атанып кеткен екен. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, әке-шешесіне, барша елдестеріне сүйкімді, мақтаулы мұғалім жігітке Александраның да қатты ықыласы ауған, Ахмет те жаны таз, тәрбиелі орыс қызын ұнатып қалған, өзіне деген қылаусыз сезімін де танып, бағалай білген. Соның дәлеліндей, екеуі Қостанайдағы мешітке барып некесін қиған, өзара келісіп, Александрара Бадрисафа аты беріліп, мұсылман дінін қабылдаған. Бадрисафа аталуы да кездейсоқ емес, бұл араб тілінен алынған қос сөзді есім, яғни, «бодрун» – қазақша толық ай, «сафа» өте таз деген мағына береді екен. Ұлы ғалымды ешкім жардан салымсыз демеген, Бадрисафамен өте бақытты тұрмыс кешкен, тек араларында дәнекер сәби болмаған. Бадрисафаны оның ағайын-туыстары, барша сыйласқан жұрты өте жақсы көріп, «ақ келін» атапты. Қазақша дәстүрді жақсы ұстанған, өле-өлгенше халқының аяулы ұлының қадірін біліп, құрметтеумен, адал қызмет қылумен өтіпті. Кейін жанжарының басына кара бұлт үйірілгенде, шырыңырап соңында жүріпті, айдауда жүрсе де, қамауда жатса да, іздеп барып, тамақ, киімін тасып, жанашырлық көрсеткеніне Ахметпен жақын жүргендер куә болған, біраз естеліктерде бұл туралы айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ елінің тарихында зор әлеуметтік істерге ұйытқы болған үлкен тұлға, мемлекеттік дәрежедегі қоғам қайраткері. Қазақ даласына зор серпіліс тудырған «Қырық мысал» аудармалар жинағы сол кезде Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» жырымен бір-

ге ұзатылған қыздың жасауына берілетін қадірлі мүлікке айналған екен.

Ахмет Байтұрсынұлының жолына жанын құрбан еткен халқының алдындағы, тарих алдындағы ұлы істерінің алғашқы қатарында оның қазақ баспасөзіне сіңірген өлшеусіз еңбегін атаймыз. Әсіресе, сол кезең үшін, халықтың сана-сезімін оятып, намыс-жігерін сілкіндіріп, оқу-білім алуға шақыруда, жалпы саясат ісінде, ел мен жер мәселелерін шешуде баспасөздің рөлі күшті екендігін ол қызметке араласқан кездерінен жақсы түсініп, өзінің алдына қойған зор мүдделерінің біріне айналдырған болатын. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқапқа», шықпай жатып, үкіметтің қудалауымен іле-шала жабылып қалып отырған бірлі-жарым газеттерге ел үшін зор маңызды бар мақалаларын жариялай отырып, қаншама қоғамдық істерді мойнына жүктеп, елдік ауқымды жұмыстарға басшылық жасай жүрсе де, ол енді, бел шешіп, өз газетін шығаруды қолға алды. Осылайша, Ахметтің ұлы мүдделерінің жаршысындай болып, атақты «Қазақ» газеті өмірге келді.

А.Байтұрсынұлы – сол кездегі қазақ баспасөзінің үздігі, әрі «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген атқа лайықты қызмет атқарған «Қазақ» газетінің әрі ұйымдастырушысы, әрі редакторы, әрі тұрақты авторы болды. Газеттің қыр соңына түскен қудалаушылары көп болса да, ол өзге баспасөздерге қарағанда ұзағырақ, 1913-1918 жылдар аралығында, табандатқан бес жыл бойы халқына адал

қызмет қылды. Бұл сол қиын-қыстау заман өлшеммен алсақ, өте көп уақыт еді. Ахметтің жүрегінде әлдилеген сабынды «Қазақ» газетінің бұл бес жылдық ғұмырының халқы үшін мың жылдық қадір-қасиеті болды. Өйткені, Ахмет бар мақсат-мүддесін, күш-жігерін осы газетке жұмсады, кез келген уақытта бұл үшін қатаң жазаға ілігерін жақсы біле тұрса да, басын тікті. Қазақтың кейінгі замандарда дүние жүзіне атағы жайылатын ұлы жазушысы, ол уақыттағы енді таныла бастаған дарынды жас М.Өуезов «Қазақ» газетінде, А.Байтұрсынұлының зор әлеуметтік маңызды ісі туралы арнайы мақала жазып, онда былай деген: «Қазақ» газетінің сүті еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққандар да, табылдырығынан жаңа ақтап, іргендер де бар. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өскен орналытқан ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әліс ойына «жол көрсетіп, мен мұңдалап» жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сөлемдемеді болатын... Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жан-сыз денесіне қан жүгіртіп, құзгі танның салқын желінде шырқырған, етек-жеңің жигызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпін еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап отағамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын.

М.Өуезовтің айрықша құрметпен атап, көрсетіп отырғанындай, барша халқы «Ақан» деп құрметтеген ұлы тұлға өзі жаны салып жүріп ашқан «Қазақ» газетіне бар махаббатын, күш-жігерін жұмсады, оның алдына қойған мақсат-мүддесі, арман-тілегі, ел-жұртына арнау-айтары осы газет беттерінен орын тапты. Сондай-ақ, мұнда өзімен мүдделес алаштың алдыңғы қатарлы қайраткерлері, жетекшілері Ә.Бөкейханұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, т.б. арыстарымыздың көкейтесті ойлары, мақалалары, сондай-ақ, көркем шығармалары, өлең-жырлары, әңгімелері жарияланып жатты. Оның нәтижесі қандай болып шыққанын сол кездің өзінде М.Өуезов тамаша жазып көрсеткені жоғарыда берілген.

Сөз қисынына қарай айтпай кетуге болмас, кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы аталып жатқанда, «бұл кісінің халық алдындағы ұланғайыр ғажайып еңбектеріне қалай көз жұмып қараймыз?» деп, сол мерейтойдың өтуіне мұрындық болған да жас Мұхтар мен сол кездегі Қазақстанның оқу комиссары С.Сейфуллин болған екен. Бұл екеуі мерейтой несіннің қатты қарсылығына қарамай, ұйымдастырып, басшылық жасаған, екеуі де ұлы ғалымның еңбегіне арнап баяндама жазған. Бірақ, қаны қарсы біреулер бұлдарды жау қылып айдап салып отырған. Қайдағы жаулық? Заманы партияға бөліп жіктен отырса да өзара өте тату болғандығы әлгі әрекеттерінен білінбей ме? Қазақтың дарынды ұлдарының, өкінішке орай, жаулары көп болып отыр. Замана кендігі болғанда бәрі де басқаша болары сөзсіз.

«МЕЦЕНАТ» — ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫН ҚАНАТТАНДЫРҒАН СЫЙЛЫҚ

Қазақстан туралы үздік романы үшін жыл сайын берілетін Mecenat.kz әдеби сыйлығының алғашқы жеңімпазы анықталды. Сыйлық Mecenat.kz сайтында 1024 оқырман дауысын жинаған Шархан Нағметұлы ҚАЗҒҰЛОВҚА бұйырды.

«Mecenat.kz» жобасы өткізген әдеби конкурс Қазақстан жазушыларына жасалған үлкен қамқорлық деп ойлаймын. Мәселе менің жеңіске жеткенімде емес. Жыл сайын өткізілетін болса Қазақстанда роман жанрын дамытуға үлкен мүмкіндік туар еді. Бұл конкурста жүлдеге ие болам деп ойлаған жоқпын. Мен үшін ең бастысы өзімнің өмірлік жиған-терген тәжірибемді көркем шығарма арқылы халыққа жеткізу болды. Онда – Адам не үшін өмірге келеді? Оның миссиясы не? Адам мен жаратылыстың арасындағы байланыс қандай? Адам жаны мәңгілік пе? Адамзат өмір сүргелі 600 мың жыл болды десек те әлі күнге дейін біз қалай соғыстан көз ашпай келе жатырмыз? Әлемдегі алуан түрлі халықтың бір-бірімен тіл табыса алмай адамзаттық құндылықтарға, ортақ мәдениетке қолжеткізе алмай отырғандығы неліктен? – деген сияқты үлкен-үлкен сұрақтарды көтердім. Оны бас кейіпкер Әбужанның жандүниесі арқылы көрсеткім келді. Барлық оқырманға менің әңгімем қызық бола қоймас. Сондықтан әкім романды өзі оқыса деймін», – деп журналистерге сұхбат берген автордың айтуынша, 66 жасқа келген адамға ай сайын берілетін сыйлық соншалық қызық емес. Ол үшін алдымен жанының амандығы маңызды. Осы уақытқа дейін ешқандай атак-даңққа, орден-медалға, қағаз формасындағы болсын, темір формасындағы болсын, ақша формасындағы болсын сыйлыққа қызықпаған зейнеткер-журналист бұл жағдайды «Жыртық үйдің құдайы бар» дегендей қуанышты сәт қана деп санайды.

– Бұл сыйлықты ай сайын жазушыға беріліп отырған айлық деп есептеймін. Ол адамға тек қана шығармашылық жұмысын айналысуға мүмкіндік береді. Зейнеттегі қаламгер болғаннан кейін біз қарап отыра алмаймыз ғой. Бәрібір жазу жазамыз. Бірақ жанбағыс та керек. Сондайда кейде халтуралық шаруалармен айналысып кететініміз бар. Сол тұрғыдан қараған кезде бұл таза шығармашылықпен, халыққа пайдасы бар дүниемен айналысуға мүмкіндік беріп отыр. Тәуелсіздік жылдарында көп жазушылардың жаңа өмірді қалай жазу керек деген кезде тоқырауға ұшырап қалғаны жасырын емес. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз», Төлен Әбдіқовтың «Парасат майданы», Қажығали Мұхамедқалиұлының «Тар кезең» сияқты кесек дүниелері болмаса жалпы жақсы дүниелер өте аз жазылды осы кезеңде. Егер тәуелсіздік жылдары 100 шақты роман жазылса, Mecenat.kz жобасы жарты жылдың ішінде 67 романды бір конкурстың аясында біріктіріп отыр. Сондықтан бұл өте керемет сандық көрсеткіш деп ойлаймын. Енді бұл конкурс жыл сайын өткізілетін болса онда біз сандық көрсеткіштен сапалық көрсеткішке өтетінімізге кәміл сенімдімін, – деген қаламгер өзінің алғашқы романын жазуға 1 жыл уақытын жұмсаған. 4 айда жазып, 6 ай өңдеуден өткен «Күлпет» байқау үшін арнайы жазылмаған.

БІРЕГЕЙ ЖОБА

«Mecenat.kz» жобасының идеясы осыдан 18 жыл бұрын дүниеге келді. Қалталы азаматтар қолдау көрсетпей жүргенде мен оларға ренжитімін. Ол кезде менің де, олардың да санасы өспеген шығар деп ойлайтынмын. Ең бастысы біз одан сабақ алдық. Тимур Турловқа бұған дейін ұсынған 4 жобамыз да мақұлданбай, тек 1 жыл бұрын бесіншісі ғана қолдау тапты. Шынын айтсам, оған дейін мемлекетке де сенім болмаған еді. Бәріміздің арманымыз да, мақсатымыз да бір. Ол – Жаңа Қазақстан. Елімізге деген ілтипапымыз бен бірлік сабағымыз бәрімізді біріктірді», – деген Ерлан Аскарбеков алдағы уақытта да байқау жеңімпазын ешқандай жиори емес, оқырман өзі таңдайтынын жеткізді. Сондай-ақ, бола-



шақта шетелдегі қазақ диаспорасын тартуға да мән берілімек.

«Ерлан Аскарбеков Қазақстан туралы үздік заманауи роман үшін сыйлық жасау ойы бар екенін айтқанда, мен оған шын ниетпен қосылдым. Сондықтан «Freedom Finance Life» өмірді сақтандыру компаниясымен байқау жеңімпазына ай сайын 500 АҚШ доллары баламасымен төленетін мөлшерде ерікті өмірбойғы зейнетақы аннуитетін сыйға тартуға шешім қабылдадық. Әдеби сыйлық идеясы маған бірден қатты ұнады. Ол амбицияға толы идея болатын. Өйткені, әдебиет жасау, жазушылар мен оқырмандар тұрғысынан да ерекше ілтипатқа ие. Біріншіден, ол жазушы мамандығына назар аудартады. Екіншіден, Қазақстанда және әлемде айқын, мағыналы туындылардың пайда болуына әсер етеді. Онда үлкен еңбектің нәтижесінде табысқа жету көзделген. Маған әрдайым осындай батыл жобалар ұнайды. Қазақстанда талантты, дарынды адамдар көп екеніне менің әлдеқашан көзім жеткен. Отанға деген сүйіспеншілік пен адамдардың санасында болып жатқан өсімді әрдайым байқаймын. Біздің рухани толысуға қосар үлесіміз әр адамға өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беру. Бұл байқауды дәстүрге айналдырсақ Қазақстан әдебиетінің әлемде өз орнын алу мен ұлттық бірегейлігімізді дамытуға қосқан зор үлесіміз болады, – деген «Freedom Holding Corp» инвестициялық тобының негізін қалаушы және мажоритарлық акционері Тимур Турлов жақында Қазақстанның азаматтығын алған болатын. Осылайша сөзі мен ісін сәйкестендіріп, өзгелерге үлгі-өнеге бола алған меценаттың ісін құптаптындар көп.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫ ӘДЕБИЕТТЕН ТЫС ЖҮРУІ МҮМКІН ЕМЕС

«Меценат» сыйлығын – отандық әдебиетті қолдауға арналған бірегей жоба десек артық айтпаймыз. Қай елдің болса да әдебиеті қаржылық тұрғыдан демеуді қажет ететіні жасырын емес. Мұндай істе мемлекетпен қоса бизнес өкілдерінің де алатын орны ерекше. Бұл, тіпті, арғы-бергі тарихымызда қалыптасқан оң үрдіс. Сол үшін, «Меценат» жобасын осы игі дәстүрдің заңды жалғасы деп білеміз», – дейді Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті төрағасының орынбасары Ақтілек Тәжі. Оның айтуынша, Mecenat.kz әдеби сыйлығының алғашқы жеңімпазын марапаттау рәсіміне қатысуға министрдің өзі ықылас білдірген. Алайда оған қызмет бабы мүмкіндік бермегенін айтқан Ақтілек Бертағыұлы министрлік 2023 жылдан бастап жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттің арнайы әдеби сыйлығын тағайындағалы отырғандарын жеткізді. Ол 18-29 жас аралығындағы жас қаламгерлерге «проза», «поэзия», «драматургия», «ба-

лалар әдебиеті» номинациялары бойынша бұрын жарияланбаған шығармалары үшін табысталады. Ал биыл 15 маусымда жарияланған – «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығында «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия», «Үздік әдеби аударма», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік комикс», «Үздік кітап дизайны» аталымдарында әрбір жеңімпазға 5 млн теңгеден беру жоспарланып отыр.

ӘДЕБИЕТ – ЕШКІМНІҢ МЕНШІГІ ЕМЕС

«Бізге жас қаламгерлер 30-ға дейін жазады. Содан кейін білім толыспаған соң жазуы азая бастайды. Әсіресе, қазақ қаламгерлері эпос, бағырлар жырын оқығанмен, әлем әдебиетінен хабары аз. Ғылыми-танымдық дүниелерді көп оқымайды. Мен оны ашық айта алам. Өйткені, сол ортада жүрген адаммын. Сондықтан 2019 жылы Мемлекет басшысының алдында Мерей Қартов деген ақынымыз Әдебиет академиясын құру идеясын көтерді. Сонда ол бізге не үшін керек деген әңгіме болды. Әдебиет академиясы Мәскеудегі Горький институты сияқты 2 жылдық курс, болмаса 4 жылдық толыққанды білім алып шығатын үлкен оқу орны.

Қазір адамзаттың ақыл-ой қазынасы толыққан. Керемет ғылыми жаңалықтармен сусындыту керек. Өйткені, тек қана әдебиетті оқығаннан бәріміз армандап жүрген Нобель сыйлығының лауреатын шығара алмаймыз. Оны алатын адам кем дегенде мына дүниені, космосты, тәңір қалай жаратты дегенді көре алатын деңгейдегі шығармаға отыру керек. Менің көзқарасым солай. Өйткені, кешегі эпостық жырлармен, ертегілермен сусындамаған адам әлемдік деңгейдегі шығарма жазалады дегенге мен өз басым сенбеймін. Ол шындығында солай боп тұр. Қазіргі заманда білім бәсекесі өршіп тұрғанда, біздің қазақ қаламгерлері сондай деңгейге шығу керек. Оған тек үйрету керек. Толыққанды білім беру керек», – дейді Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары Ақберен Елгезек. Оның айтуынша, әдебиет ешкімнің меншігі емес. Жазушылар одағының да, Mecenat.kz жобасының да. Ол бәрімізге ортақ дүние. Бәріміздің илеп жүргеніміз бір терінің пұшағы. Осындай жобалар біздің біраз парадигмамызды өзгертетін дүние. Ол қоғамның ішінен шығу керек. Mecenat.kz жобасына жазушылар арасында да көптеген адам немқұрайлы қарады. Қазір сандарын соғып жатыр. Сондықтан келесі жылы қатысушылар саны биылғыдай 67 емес, одан әлдеқайда көп болуы күмәнсіз. Жалпы, әдебиетке саясат жүрмейді. Оны дамыту үшін ұлттық буржуазияның қолдауы керек. Егер олар өз ұрпағы келешекте қандай қоғамда өмір сүргенін қалайтынын түсінбесе, бұл процесс қарқынды жүрмейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Электрондық мемлекеттік қызметтер әрқашан ыңғайлы, қолжетімді, жылдам, сапалы, сенімді және ашық. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бизнес-процестер үнемі жаңартылып отырады, бұл өз кезегінде халыққа қысқа мерзімде қызметті сапалы алуға мүмкіндік береді.

САНДЫҚ ЖҮЙЕ САПАНЫ АРТТЫРДЫ

Мысал ретінде заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу желісі бойынша бірқатар бизнес-процестің жетілдірілуін атап өтуге болады.

2021 жылдың қазан айынан бастап www.egov.kz электрондық үкімет веб-порталында (бұдан әрі-ЭҮП) заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) басшысын өзгерту жөніндегі бизнес-процесс іске қосылды. Бұл процесс заңды тұлғаларға бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде тіркеуші органның қатысуынсыз заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) басшысы туралы мәліметтерді дербес өзгертуге мүмкіндік береді.

Осылайша, заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің) жұмыс уақытын үнемдеу мүмкіндігі бар, өйткені белгілі бір құжаттарды жинаудың қажеті жоқ, тіркеуші органға жүгіну қажеттілігі алынып тасталады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру жөніндегі бизнес-процесс тек ЭҮП арқылы жүзеге асырылады.

Бұрын аталған мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі үш жұмыс күніне құраған еді. Қазіргі уақытта бұл мерзім бір жұмыс күніне дейін қысқартылды. Осы бизнес-процестің негізгі артықшылығы – Жарғыны (ережені) жоғалтқан жағдайда, заңды тұлғалардың кеңседен шықпай-ақ телнұсқа беру бойынша мемлекеттік қызметке «бір шерту» арқылы тапсырыс беру мүмкіндігі бар және бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» заңды тұлға жарғысының (ережесінің) телнұсқасы электрондық форматта жіберіледі.

Г. АБСАМАНОВА,
Ақмола облыстық Әділет департаментінің
тіркеу қызметі саласындағы
әдістемелік қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекші маманы

МІНДЕТ

АБЫРОЙ БИГІНДЕ

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не ҚР Ұлттық банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттік міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан азаматы.



Мемлекеттік қызметші болу – үлкен абырой мен міндет. Ол билік пен халық арасын байланыстырушы. Сондықтан да әр саланың сапалы жұмыс істеуі, жетістікке жетуі мамандардың біліміне, біліктілігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер – билік пен қарапайым халық арасындағы дәнекер. Мемлекеттің атынан жұмысын атқарып, мемлекет мүддесін қорғайтын қызметкерлердің өзін-өзі ұстауына, адамдармен қарым-қатынасына, сөйлеу мәнеріне, шеберлігіне, сауаттылығына қарап, азаматтардың да билікке деген сенімі нығаяды. Бір мемлекеттік қызметкердің оғаш ісі бүкіл бір құрылымның беделіне нұқсан келтіріп, сеніміне селкеу түсіруі мүмкін. Осыған орай, бүгінде мемлекеттік құрылымдарға жұмыс істеуге үмітті жандарға талап қатал.

Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде оқытудың инфрақұрылымы қалыптастырылған, оның құрамына ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, өңірлік қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталықтары және тағы басқа білім беру мекемелері енеді. Жыл сайын орта есеппен қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік қызметшілердің үштен бірі оқытылады, нәтижесінде үш жыл сайын мемлекеттік қызметшілер жүз пайыз оқыту курстарымен қамтамасыз етіледі.

Меритократия, тиімділік пен нәтижелілік, транспаренттілік пен қоғам алдында есеп беру ұстанымдарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуын 1999 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қойыны, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзшылықтарға не сыбайлас жемқорлыққа жанасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

М.ЖЕБЕЛХАНОВА,
Маңғыстау облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының

«АРТСПОРТ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯҒЫ НЕГЕ СҰЙЫЛДЫ?

Қазақстан халық партиясы «АртСпорт» бағдарламасына өзгерістер енгізу жоспарланған жобаны дереу қайтарып алу керек деген мәлімдеме таратты. Олар ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің басшылығына «АртСпорт» бойынша өз шешімдерінен бас тартуды ұсынды. Оны Нұр-Сұлтанда өткен көп балалы ата-аналар, қызмет көрсетушілер, Мәжіліс депутаттары, сарапшылар қатысқан дөңгелек үстелге қатысушылар қолдап отыр. Мәдениет және спорт министрiнiң бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларды онлайн-талқылау 5 шілдде аяқталды. Осы уақыт ішінде ашық НҚА порталына 700-ден астам ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен.

«Бағдарлама «АртСпорт» платформасы арқылы жүзеге асырылады – оны азаматтық қоғам өкілдері тегін әзірледі. Бағдарлама бойынша 565 мың бала вәучерлерге кол жеткізді, 200мыңнан астам бала кезекте тұр. «АртСпортқа» енгізу бойынша талқыланған өзгерістер пайдалы емес. Олар бағдарламаны «өлтiредi». Сондықтан бiз ҚР Мәдениет және спорт министрiгiне бұйрық жобасына өзгерістер енгiзбеудi және керi қайтарып алуды ұсынамыз. Мәселенi шешу – шамамен 100 млрд теңге, оларды бюджеттен табуға болады», – дейдi ҚХП төрағасының орынбасары Рахым Ошақбаев. Оның айтуынша, қолданыстағы платформа вәучерлердi ашық түрде таратуға мүмкiндiк бередi. Мұны ҚР цифрландыру және аэроғарыш өнеркәсiбi министрлігiнiң өкiлдерiмен салыстыру растады, ол «өтiрiк қатысушылар» деп аталатындардың саны небары 600 немесе шамамен 0,001%-ды құрағанын көрсеттi. Қазiргi таңда бағдарлама «оны жүзеге асыру үшін бюджет қаражатының тапшылығынан» тоқтап қалды. ҚХП есептеулерi бойынша, мәселенi шешу үшін шамамен 97 млрд теңге қажет.

– Қазіргі таңда «АртСпорт» бағдарламасы – сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызбайды. Жүз мыңдаған балалардың ата-аналары өз қаражаттарына құнын төлей алмайтын үйірмелер мен секцияларға баруға мүмкіндігі бар. «АртСпорт» тек балаларға ғана емес, сонымен қатар

ақылы жаттығуларға отбасылық бюджетті үнемдеуге және өз отбасыларының өмір сүру сапасын жақсартып қаражат жұмсауға мүмкіндік алған ата-аналарға да әлеуметтік қолдау болды. «АртСпорт» бағдарламасы нақты статистиканы манипуляциялауға себеп болды. Өкiнiшке орай, бұл бағдарламаның ең үлкен проблемаларының бiрi – жергiлiктi атқарушы органдар тарапынан берiлетiн, еш расталмаған жалған ақпарат, жалған деректер мен сандар ғана емес. Шенеунiктер 2-2,5 млн баланы ҚР БҒМ-нiң қосымша бiлiм беруiмен қамту бағдарламасы бойынша қамтылғаны туралы мәлімдеген кезде: «бұл балалар қайда» деген сұрақ туындайды, – дедi ҚР Бала құқықтары жөнiндегi уәкiл Аружан Саин. Омбудсменнiң айтуынша, «елiмiзде 30 мың дене шынықтыру оқытушысы жұмыс iстейдi. Олар қосымша ақы алады және аптасына 3 үйiрме жүргізедi» деген тезис сын көтермейдi. Бiз мұның қалай болатынын түсiнбеймiз. Екi ауысымды, үш ауысымды мектептер бар, спорт залдары жоқ мектептер саны өте көп.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінiң жұмысына сын айтқан ҚХП Парламенттік фракциясының мүшесi, Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова: «Бiз дәл осы жолмен жүрiп, шенеунiктердiң ойлау парадигмасын өзгертуiмiз керек. Кеше маған Мәдениет және спорт министрлігi бiзге қажет емес деген ой келдi. Бiз оны таратуымыз керек. Себебi, балаларға да,

мәдениетке де, спортқа да жаны ашымайтын министрлік мүлдем қажет емес», – дегендi де айтты. Әрiптесiн қолдаған АМАНАТ партиясының өкiлi Константин Авершин: «Мен қаражат табуға болатындығын жақсы бiлемiн, сонымен қатар қазiр бiз кейбiр әйгiлi жұлдыздардың концерттерiне ақша тапқандықтарының куәсiмiз. Олар сол LRT және тағы басқа құрылыстарға қайдан ақша табады? Мен бұны, бiздiң Президенттiң осындай күштi бастамасына қарсы қасақана жасалып отырған диверсия деп санаймын. Жаңа ғана цифрлар айтылды, жарты миллионнан астам бала осы бағдарлама арқылы үйiрмеге қатысады», – дедi. Ал «Қоғамдық бақылау және мониторинг» РҚБ басшысы Саида Таукелеваның сөзiне қарағанда, балалардың болу-болмауын анықтау үшін мониторинг кенеттен жүргiзiлдi, кейбiр үйiрмелер жабылды. Шенеунiктердiң басты сылтауы – «өтiрiк қатысушылар». Қоғамдық бақылау мониторингi жүргiзiлген барлық өңiрлер бойынша мұндай бiрде-бiр нысан анықталған жоқ.

Мемлекет басшысы 2022 жылды – Балалар жылы деп жариялағанда оған қуанған ең алдымен ата-аналар болған едi. Алайда, «АртСпорт» бағдарламасына өзгерістер енгізуді жоспарлап отырған құзырлы орган жобасы Президенттің «халық үніне құлақ асатын мемлекет құру» саясатына өз көлеңкесін түсіріп отыр. Ата-аналардың «мемлекет мектеп жасындағы балалардың бос уақытын дұрыс пайдалану үшін спорттық немесе шығармашылық жеңістерге ынталандырудың орнына, олардың ұмтылыстарына кедергі қоюда» – деген талабы «эстетик үкімет» қызметіне сын болса қанеки.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Қазақ тілі – ел аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып саналады.

ТІЛ – ТІРЕК

Мемлекеттік тілді білу, меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Өзін осы елдің азаматы деп қабылдайтын әрбір ұлтжанды адам мемлекеттік тілдің беделін көтеруге, құқықтық аясын кеңейтуге, мәртебесін биіктетуге атсалысуы тиіс. Біздің әрқайсысымыз күнделікті жұмысымызда мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етіп, іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді жүйелі түрде жүргізуге ат салысуымыз керек.

Сот жүйесінің негізгі мақсаты – ел азаматтары мен заңды тұлғалардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету. Сондықтан судьялар мен сот қызметкерлері әділ сот төрелігін шығарумен қатар, мемлекеттік тілді меңгеріп, өзгелерге ортақ іске атсалысуларына ықпал еткені жөн.

Заманымыздың ұлы ойшылы Ф. Гүлелін «Баян» кітабының «Тіл мен ой терендігі» бөлімінде «Ана тілінің түп-тамырына балта шаппаған және тілге осы деңгейде кендік пен серпіндік танытқан елдер ұдайы өзіндік үні бар, еркін-еркін сөйлейтін және терең ой қозғайтын ең серпінді қоғамға айналады, басқаша болуы мүмкін емес» деген қағидатты түсіне білген адамға үлкен мағына бар.

Әлемдік мәдениет, бүкіләлемдік құндылықтарды ғана мойындап, өз ұлтын менсінбейтіндердің әрекеті

аса ұят, ұлтқа сын тірлік. Бұл космополитизмнің көрінісі.

Қазіргідей кітапханалар жабылып, интернет ақпараттың сұрапыл көзі сана мен жадыны үздіксіз жаулап жатқан бүгінгідей жаһанданудың жойқын дәуірінде біреуді бірнәрсесін айтып, таңданту оңай емес. Ұлтымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаевтың «...Ұлттың ұлы болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кемі бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсесі болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түңдей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, бір саралада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ» – деген қанатты сөзі әрқайсысымыздың жүрегімізде жазылып тұруы керек.

Қазіргі кезде біздің сотта мемлекеттік тілді қолдану аясы уақыт өткен сайын кеңейіп келеді. Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілге басымдық беріліп, тілге деген талап күшейтілді. Бұл бағыттағы жұмыстар бір сәткеде бәсеңдемек емес. Ойткені – тіліміз тірегіміз.

Гүлनाз САЛЫҚОВА,
Атырау облысы мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КЕАК Алматы қаласындағы Өкілдігі (БСН 191242023541, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 49 үй, 145) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 85, тел.: 8702 888-06-66.

4. 2021 жылғы 16 ақпанда Жораева Жанар Ескендеровнаның атына ашылған «Айсұлу-2021» бөбекжай балабақшасы) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210240024334, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Береке ауылы, Шаңырақ көшесі, №19 үй, пошта индексі 160900.

5. «Самғау» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 170540023035, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Қызылқога ауданы, Миялы ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 41 үй. Тел.: 87014224748.

6. «AmirAlbina» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БИН 211140007175, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Қарашығанақ көшесі, 51 үй.

7. «1 МАЙ» ЖШС (БСН 041240013711) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шмелі ауданы, Бірінші мамыр ауылы.

14. «МКБА ГРУПП» ЖШС, БСН 191240003704, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Абай көшесі, 9А. Тел.: 87775207681.

15. «Талас Асыл мұра» ЖШС, БСН 120340007983, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Саңырық батыр көшесі, №10/1, ұялы телефон нөмірі: 87777590076.

ӨРТУРЛІ

3. «Қарағанды металл бұйымдары зауыты» ЖШС 19.07.2022 ж. сағат 15.00-де Қарағанды қаласы, Арман көшесі, 2Б мекенжайында қоғам қатысушыларының жалпы жиналысы өтетіндігін хабарлайды. Күн тәртібінде: Жылдық қаржылық есепті бекіту. Өндірістік-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша есеп беру.

8. «ENKI Company» ЖШС (БСН 180940015560) «Kazakhstan Investment Association» ЖШС-не (БСН 180540034939) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауд., Сығанақ көшесі, 10 үй, 331 пәтер, тел.: 8 775 545 65 47.

9. «Kazakhstan Investment Association» ЖШС (БСН 180540034939) «ENKI Company» ЖШС-н (БСН 180940015560) өзіне қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауд., Сарайшық көшесі, 34 үй, 72 пәтер, тел.: 8 775 545 65 47.

10. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Алматы ауылының бастауыш мектебі» КММ (БСН 030740004855) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды.

Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола обл., Есіл ауд., Есіл қ., Мұхтар Әуезов көшесі, 19 үй.

11. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Ейский ауылының бастауыш мектебі» КММ (БСН 990340007329) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола обл., Есіл ауд., Есіл қ., Мұхтар Әуезов көшесі, 19 үй.

12. «InvestСтрой» бірлескен кәсіпорын» ЖШС (БСН 180540034720) «Kazakhstan Investment Association» ЖШС-не (БСН 180540034939) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауд., А.Тоқпанов көшесі, 10, т.е. 15, тел.: 87755456547.

13. «Kazakhstan Investment Association» ЖШС (БСН 180540034939) «InvestСтрой» бірлескен кәсіпорын» ЖШС-н (БСН 180540034720) өзіне қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауд., А.Тоқпанов көшесі, 10, т.е. 15, тел.: 87755456547.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!
ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.
ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zangreklama@mail.ru
zangreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:
ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.
«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшен, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволава Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банкнің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтешов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058447221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

БАЙҚАУАҒА

Панфилов пен қазіргі Қазыбек би көшелерінің қиылысындағы әйгілі «Солянка» дәмханасы. Қызмет көлігінің жайлы әрі жұмсақ отырғышына емін-еркін жайғасқан Бек терезеден сыртқа еріне көз тастады. Жұмыс күні болған соң ба, асхана маңында адам көп. Елден саяқ, шет жақта отырған бір кісінің жүзі жылыұшырай берді. Жүріп келе жатқан көліктен секіріп түсердей есікке ұмтылды да жүргізушісіне «тоқта» деп ымдады. Сол, соның өзі...

– Егер таңертеңнен неге ішесің деп сұрақ қойсаң, онда бекер, жөнімен жүре бер.

Болаттың суық амандасудан кейін айтқан алғашқы сөзі осы болды. Бек жауап қатпады. Итальяндық қымбат галстугын асығыс шешіп, қалтасына сүңгітіп жіберді де даяшы қызды шақырып, сыра алдыртты. Шұжық пен салатты қоса берді. Бір-екі жұтым ішкен соң шыртытай киінген сырбаз жігіт пен жұпынылау киінген ескі танысының арасындағы көзге көрінбес мұз әп-сәтте еріп сала берген. Әңгіменің тиегі ағытылды да кетті. Дәл осы сәтті сырттан бақылдаса, әккі режиссер «ескі достардың он жылдан кейінгі кездесуі» деген сәтті оп-онай таспаға түсіріп алар еді. Әрі онысы еш әсірелеусіз, шынайы шығар еді. Және ол жерден ауған соғысы, жас жігіттердің бейбіт өмірі, 90 жылдардағы ел ішіндегі дағдарыс сәттерін де көруге болар еді.

Елдің екі қиырынан келген екі жігітті таныстырып, табыстырған қызмет еді. Ерлік пен төзімділікті, сенімділік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді қажет ететін құрылым Сыртқы барлау қызметі. Мемлекеттің Ұлттық Қауіпсіздік жүйесіндегілер барлаушыларды «ақ жағалылар» деп кейде жақтырмай да жататын. Жақтырсын-жақтырмасын, белгілі бір жайт, мемлекеттің сыртқы саясаты бұл органсыз толыққанды атқарылмайды. Ал құпия қызметтің өкілдері өздерін кейде сахнада жүргендей сезінетін. Сахна емей не? Көпшілікке шын бет-бейнесін көрсетпеу, қызмет барысында өздеріне тиісті рөлдерін ғана ойнау.

Бек кезінде осы саланың алғыр да табысты қызметкері болатын. Барлау қызметінің құпия тапсырмаларын аркалап, шет елдерде жұмыс істеді. Үнемі сапарларда жүретін. Сәтті атқарылған шаруамен бірге әскери дәрежесі де өсіп отырды. Академик С.Қирабаев айтқандай, «оның ауыл баласына тән өмірге құштарлығында бір ызалы ұмтылыс бар еді. Бірақ күндердің күнінде Бек барлау қызметіндегі қарьерасын тастап, коммерциялық құрылымға ауысты да кетті. Сырт көз астындағы қызмет машинасы, хан сарайындай жеке кабинеті мен сән-салтанаты жарасқан үйіне қарап, Бектің заманға сай іскер адам екенін айтпай-ақ түсінетін еді.

Ал, Болаттың тағдыры басқаша өрілген сынды. Әңгіме барысында Бек осылай бір тұжырым жасап қойды. Бір кездері барлау қызметінің білгір және сауатты қызметкері еді. Бірақ әу бастан-ақ жұбайы «айлығы аз» деп қыңқылдап жүретін, ақыры қалталы біреуді тауып, Болаттан кетіп қалыпты. Бұл да оның ішкілікке салынып, жұмыстан кетуіне себеп болған шығар деп іштей бір қорытынды жасап қойған. Жұмыстан да береке кеткен. Болат өзінің соңғы рет күзетші болып жұмысқа тұрғанын, бірақ одан да қуылғанын сөз арасында айтып кетті. Әңгімемен қас қарайғанын байқамаған екі дос ақыры масайып, бір-бірін қимай тарқасты.

Кездесу соңында Бек Болатты қасына жұмысқа алатын болып келісті. Бірақ, Болат жақтырмаса да қатан, қиын шартын айтқан.

БАРЛАУШЫ БОСАНСЫМАЙДЫ



– Бауырым, келісейік, егер жұмыста ішкілік ішпек тұрмақ, сәл иісі байқалса, қоштасамыз, – деп қатан жүзбен қарады. Ескі достар үнсіз қол алысты.

Бек атқарушы директор болып жұмыс атқарып жүрген коммерциялық құрылым – қаржы саласындағы белгілі және бақуатты компания. Болат мұнда Қауіпсіздік департаментіне кеңесші болып орналасты. Екі дос жұмыс бабымен жиі кездесе де, бос уақыттарында сирек көрісіп жүрді. Бірақ екеуі де бір-бірін сырттай бақылап, өткен он жылдың өзгерісін үнсіз ойға түйіп жүретін. Уақыт өтіп жатты. Жұма күні еді. Кеш бата Бек Болатқа шұғыл қоңырау шалды.

– Алло, амансың ба, қайдасың? Жедел жұмысқа жет.

Мезгілсіз уақытта түскен қоңыраудың жай емесін түсінген Болат дереу жиналды. Офиске келісімен барлық басқарма бастықтарының Бектің кабинетінде жиналғанын байқады.

– Компаниямызда төтенше жағдай орын алды, біздің клиенттің есебінен бір миллион АҚШ долларын белгісіз біреу жымқырып кеткен, – деді Бек алдымен Болатқа, сосын қалғандарына қарап. – Бұл жағдай басқа да клиенттерімізге немесе конкуренттерімізге, әсіресе, журналистерге белгілі болса, компанияның халі не болатыны сіздерге мәлім. – Әрбір департамент жағдайды зерттеп, Болат мырзаға ақпарат берсін. Ал, Болат мырзаға жедел тергеу шараларын қолға алып, қаржыны қайтаруды тапсырамын.

Шұғыл жиналған жұрттың тарауы да соншалықты тез болды. Дегенмен, аптаның бесінші күні емес пе! Онаша калғанда:

– Бөке, бұл жағдай баяғы «Мәскеу хакері» оқиғасына ұқсас сияқты, байқалды ғой, – деп Бек қосымша бағыт бергендей болды.

90 жылдардың ортасында болған «Мәскеудегі хакер» оқиғасы Болат-

тың жақсы есінде. IT компаниясының қызметкері халықаралық бизнес құрылымының компьютер жүйесін бұзып, қомақты соманы өз есебіне аударып алған. Халықаралық компания болғандықтан бұл іске Ресейдің федералдық қауіпсіздік қызметі араласып, қылмыс ашылған болатын. Сол кезде Болат барлау қызметі тапсырысымен Қазақстанға жасырын түрде келген хакерді іздеуге және тұтқындауға ресми түрде атсалысқан еді.

Арада үш күн өтпей, Болат істің қалай жүріп жатқаны туралы есеп берді.

– Болған оқиғаны түбегейлі зерттеп, біз ойлағандай күрделі хакерлік шабуыл емес екенін анықтадық. Қазір біздің Қауіпсіздік департаменті Алматы полициялары арқылы Панкин Сергей алты азаматқа іздеу салып жатыр.

Тергеу барысында Панкиннің компьютер компаниясының қарапайым қызметкері екендігі анықталды. Ақша ұрланған клиенттің үйіндегі компьютерін жөндеген кезде кездейсоқ пин кодын тауып алған. Әлгі клиенттің демалысқа кеткенін пайдаланып, банктегі есеп-шотының ақшасын өз банк картасына оп-онай аударып алыпты. Бірақ мұнымен іс бітпеді. Панкин Кипр аралдарындағы банкте есеп ашып, ақшаның біразын сонда жіберіп үлгерген. Әрі өзі Мәскеуге ұшып кетіпті. Осы ретте Болаттың мәскеулік ескі таныстары үлкен көмек көрсетті. Олар хакердің ұялы телефоны арқылы Панкиннің шын мәнінде Мәскеуде болғанын, бірақ аз уақыт бұрын Ригаға кетіп қалғанын анықтап берді.

«Жаз өмірін, маз өмірін қысқартып...». Осы бір әуеннің өткен өмірді көз алдынан кино лентасы сияқты елестетіп, ностальгия шақыратыны бар. Жанардан от ұшқындалған жастық шак, алаңсыз шат күндер... Бағалы, құнды нәрсені күнде пайдалансаң дәмі кететіні секілді мұндай тәтті шақтарға Бек күнде орала бермейді. Анда-санда, сағынғанда... Мәскеудегі Барлау

академиясы. Елден шалғай жүргендіктен бе, әлде туған топырақтың біріктіретін қасиеті бар ма – Қазақстаннан келген курсанттар бір-бірімен өте ұйымшыл, өзара сый-құрметтері де ерекше еді. Араларында қазағы бар, өзге ұлт өкілдері аралас достар үнемі бірге жүретін. Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдары. Егемендіктің терең мағынасын әлеуметтің бір бөлігі әлі де толығымен түсіне қоймаған.

– Ал енді біздің болашақ қызмет қалай болады?, – деп Болат әңгіме бастады.

– Иә, бізді өте маңызды кезең күтіп тұр. Елдегі өзгерістерді көріп тұрсыңдар, ендігі барлау қызметі де «қазақ әлпетті», тәуелсіз іс-әрекет жасай алатын, бұрынғыдан мүлдем ерекше бір құрылым болуы қажет, – деп Бек пікір қосты.

– Кеңес үкіметі кезінде қазақстандық барлау қаһарлы да қатігез, атышулы КГБ құрамында болып, өзі ештеңе шешпейтін. Әскери дәреже, қызмет сатысы, кадр мәселелері түгелімен Мәскеу құзырында. Барлау түгелімен сол орталықтың қолында болды, – деп Болат эмоциясын жасыра алмай сөйледі.

Ерлан, Виктор мен Серік айтылған пікірлерді құптап, өз пікірін білдіруге асықпады. Академия жатақханасының кішкентай бөлмесіне жиналған оншақты адам, үстел үстінде құр қартоп пен нан қалдықтары және жартылай шөй бар қырлы стакандар. Егер осы сәтті қолының аздаған ебі бар суретші бояумен көрсетсе, «курсанттық өмір» нағормоты дүниеге келер еді. Биіктен қарап, шешім шығаратын генералдардың отырғысы болмаса да, алда не сынақ күтіп тұрғанын білмейтін, көңілі өрекіпкен жастардың, алабұртқан жастықтың максимализмі бұрқырап тұрған кезеңнің әдемі көрінісі туар еді.

Гарвард университеті жыл сайын өткен жылдың «түйінді сөзін», яғни сол кезеңнің жиі қолданған цитаталарын жариялап тұрады. Дағдарыс келген тоқсаныншы жылдардың осындай сөздері – «Кенестің тарауы, экономика-

қа тоқырауы, егемен республикалар» болды. «Бақуаттылар», «рәкет» деген сөздердің пайда болған тұсы. Кезінде сыйлы және престиж саналатын үкімет қызметі қадірін жоғалта бастады. Жұрттың «Менің туысым не болмаса танысым рәкетир» деп мақтана бастаған кезі. Елдегі арнайы қызмет органдары қатты сынға ұшырап, керек десе құрылымның қажеттілігі бар ма, жоқ па деген мағынадағы әңгімелер туа бастады. Кешегі курсанттар, ендігі барлау қызметкерлерін өздері қаласа да, қаламаса да өмір әр тарапқа лақтырып жіберді. Бек пен Болат сол кездегі астана болған Алматыдағы КГБ-нің бір басқармасына, енді бір топ курсанттар облыстарға, Виктор мен Серік тіпті жырақтағы аудандарға қызметке жіберілді.

Академияда қанша қызметкер білім алса, сонша тағдырды кезіктіруге болады. Бек пен Болаттың қатарында қазақстандық жігіттермен бірге ресейліктер, украиндықтар, қырғыз бен тәжік курсанттары да оқыды. Сабақ берген ресейлік барлаушы-мұғалімдер кейде шәкірттерге әзілдеп «барлаушылық қызметте ар-ұятты ұмыту керек. Ол ұятын Иса Мәсіх сияқты, халық үшін айқышқа шегелеп, құрбан ету керек» дейтін. Расында, барлаушы – ешкімге ұқсамайтын ерекше мамандық. Еш әсірелеусіз, шындығы сол. Кеңес кезіндегі барлау қызметі тарихында небір «бағасына келіссе, құдайды да сатып жіберетін қызметкерлер» болғанын бірі білсе, бірі білмейді. Осындай мектептен өткен Болат компания жұмысындағы алғашқы әрі ірі сынақты сәтті тапсырды.

Кеңес одағының ыдырауы бір кездері жарты нанды бөліп жеген курсанттар арасын алыстата алмаған еді. Сол кездегі курсанттар, бүгінгі мәскеулік әріптестері хакермен байланысты істі шешуге қатты ықпал етті. Адамдар арасындағы достық, сенімнің сынға түскен сәттері осы тұс. Сол жылы қарым-қатынас арасында ресми қызмет бабын айналып та өтті. Ақыр соңында Ресей полициясы шекара асып кеткен Панкинді қолға түсіріп, Қазақстанға табыстады. Жұртты біраз дүрліктерге «Хакер оқиғасы» осылайша сәтті аяқталған. Ал Болат бұл операцияның ұйымдастырушы және ресми органдармен үйлестірушісі ретінде Бектің көңілінен әбден шықты. Банктің акционерлері мен басшылығы болса, «Қылмыстың ашылуы – тәжірибелі мамандар мен компанияның осы мәселеге деп бөлген қаржысының арқасы» деп тұжырым жасаған. Тіпті, әккі Бектің өзі оны «сәттілік» деп бағалаған да қойған. Ал біраз уақыт өткеннен кейін бұл шұлы оқиға да ұмытылып, күнделікті пендеуі тіршіліктің тасасында қалғандай еді. Бірақ бұл мәселенің шын келбеті ел ойлағанныан басқаша екенін, оның келешекте басқа қырынан көрінетінін сол кезде ешкім болжаған жоқ. Бұл – Бектің маман ретіндегі алғашқы қателігі болды. Ал оны түсіну уақыт құзырында еді.

Бектің жанына жұмысқа кіргелі Болатта өзгеріс көп. Дос-жарандары көбейді. Әсіресе, жергілікті қауіпсіздік комитетінде қызмет атқаратын ескі досы Сабырдың келуі жиілеп кетті. «Жаңа қызмет бағамды өсірді-ау» деген Болат араласпай кеткен таныстарының өзін қайта іздей бастағанына таңданған да қойған. Айлығы қомақты, жұмысы беделді болған сайын көңілі де орнына түсіп, достары мен туыстары арасында «Бөкеге» айналды. Бұрынғы әдетіне қайта басып, Бекке білдірмей, арасында ішімдікті де ұрттап қояды.

Бахытжан ТАСТАНБЕКОВ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансаия Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадирай Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Атырау облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №94 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты тал-пәл-пәлестер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Print plus» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31